

АДАМДЫҚ НАРҚЫНЫН ПЛИНТУСТАН ТӨМЕН ТҮСКЕНІНЕ АЛАҢДАЙМЫН

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенеймін.

Маған



№ 41 (422)
14 қазан, 2021 жыл

АҚМЕШІТ жастары

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАНҒЫРЫҒЫ

Елімізде Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен 1995 жылдан бері Құтқарушылар күні аталып өтеледі. Тәуелсіздік алғанға дейін кәсіби апаттық-құтқару қызметі болмаған еді. Адамдарды, қоғамды апаттық жағдайдан құтқару жұмыстарын көбіне қоғамдық ұйымдар, құтқару бекеттері атқарды. Өз өміріне қауіп төнгеніне қарамастан халықтың тыныш өмірін, тұрмыстағы, өндірістегі қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, апаттық жағдайға жол бермеу бүгінде Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментіне жүктелген. Бүгінгі кейіпкеріміз – Қанат Шарафдинов еңбек жолын өрт сөндіру қызметінен бастаған. Жас та болса, өз саласында жетістігі мол Тәуелсіздіктің төл құрдасы Қанатпен мереке қарсаңында әңгімелескен едік.



Қанат ШАРАФДИНОВ,
Қызылорда облысы Төтенше
жағдайлар департаментінің Кадр
саясаты басқармасының бастығы:

ҚОРЫҚСАН ҚҰТҚАРА АЛМАЙСЫҢ

Гүлбану МАҚАЖАН

– Қанат, Төтенше жағдай қызметіне қалай келдіңіз?

– Бала күнімен армандарым. Құтқарушы болып, халыққа көмекті тигізе екен деп. Мектеп бітірген соң төтенше жағдайлар министрлігінің Көкшетау техникалық институтында, қазіргі Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясында білім алдым. Еліміздегі құтқарушылар дайындайтын бірден бір оқу орнында білімнен қатар үлкен тәжірибе жинадым. Еңбек жолымды Төтенше Жағдайлар департаментінің «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мекемесінде өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы болып бастадым. Өрт сөндірушінің мақсаты – оқиға орнына жедел жетіп, батып шешім қабылдап, дереу көмек көрсету, адамдарды құтқару, өртті ауыздықтау.

– Ұзақ жыл өріпестеріңізге дөріс бердіңіз. Нені үйреттіңіз?

– Иә, «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мекемесінде Кәсіби даярлық мектебінде дөріс бердім. Өрт-сөндірушілерге аға оқытушы ретінде басшылық бекіткен ақпараттарды бөлісіп отырдым. Кейін бұл даярлық мектептері жабылды. Қазір еліміз бойынша төрт облыста Еңірлік оқу орталықтары бар. Сонда өрт сөндірушілер білімдік арттырып, семинарларға қатысады.

– Жымыра жеті жасыңызда алғаш өрт басшылық қызметке тағайындалдыңыз. Жауапты қызметті атқару қиына соққан жоқ па?

– Сырдария ауданы №7 өрт сөндіру бөлімі бастығының оқушылар қызметіне тағайындалдым. Қызмет өскен сайын жауапкершілік артып, қиындықтар да қатар жүреді. Жұмының қолдауы сезілді. Жерлестерім жылы қабылдады. Бірлесіп жұмыс атқардық. Ауданда түрлі өрт оқиғалары орын алды. Бәрінен жедел қызмет еттік. Кейін облыс орталығына «Өрт сөндіру және авариялық-

құтқару жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі, Өрт сөндіру бөлімі» бастығының міндетін атқарушы болып орандым. Өзіме тапсырылған әрбір істе қырағылық пен іскерлік танытуға күш салдым. Өріпестердің бәріне бірдей көзқараста, ұжымның ауызбіршілігін арттыруға тырыстым. Бұл қызметте алған тәжірибем кейін Қызылорда қаласы №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары болғанда үлкен көмектің тигізді.

– Құтқару кезінде қорқынышты қалай жеңесіз?

– Қаламыздағы «Шаңырақ» мейрамханасы өрттенді. Оқиға орнына жедел жетіп, тілсіз жаулап ауыздықтауға жұмыла кірістік. Ғимарат лаулап жанғып жатқан, ішінде құтқарушылар деген адамның дауысын естідім. Дауыстың қайдадан шыққанын аңғармадық. Көк түтіннің ортасына кіріп, адамдарды іздедік. Төтенше жағдай кезінде қорқынышқа бой алдырмақ түтілі, уақыт жоқ. Қорыққан, құтқара алмайсың. Қырағы әрі шашпашын әрекет еттік. Осы оқиғада үш адамды аман алып қалдық. Біз үшін ең бағалы алыс хат – құтқарылған жандардың ізі лебізі.

– Төтенше жағдайлар қызметіне кімдерді қабылдайсыз? Қандай талаптар қойылады?

– Құтқарушының бойында ең бірінші Отанға деген патриоттық сезімі жоғары болғаны жөн. Төтенше жағдаймен бетпе-бет келгенде тайсылып қалмау қажет. Адамгершілігі бар азамат, ежелгітілген қиын сәтте батыл шешім қабылдауы керек. Өз өміріне қауіп төнсе де, қалың өрттің арасына кіруін керек. Төтенше жағдайлар қызметінде әскери дәрігерлік комиссиядан өткен, меілептік қызмет бойынша тәсілдерден де жақсы көрсеткіш бар жастарды қабылдаймыз. Үнемі спортпен шұғылданатын, ішпідік ішпейтін, темекі тартпайтын жастар еш қиындықсыз қатарымызға қосылуда. Құтқарушы мамандығын тек батыл жандар ғана таңдайды. – Өңіміңізге рақмет!



ҚИНАЛҒАННАН ШЫҒАДЫ АШЫ ДАУЫСЫ...

2018 жылы Аргентинада өткен жастар Олимпиадасында дамымай қалған спорттың байдарқа және каноз түрінен алтын медаль алып келген бойда Қырымбек Кешербәев ағасы үш бөлмелі үй берсе, облыстық денешынықтыру басқармасы 140 мың теңге көлемінде жалақысын тастайды. Бәрекенді!!! Табысына мастанбаған Диас өз-өзіне шүкіршілік етіп, тәубесіне келіп, Әбдіханна мұсабаев ұстанып, бес уақыт намазға жығылады. Осы сәттен бастап Алпанның ақ жолына бет бұрған Диасқа деген балкері Диана Хазиева тарапынан салқындар басталады. Оның үстіне Еуропаға жарысқа барғанда тауық етін жегізбей, шошқа етін не оның салысын жеуге мәжбүрлейді. Бұлардың бәріне жас чемпион үзілді-кесілді қарсы болады. Ата Заңымызда азаматқа дін бостандығы берілетіні соғыра тапқ ұстатқандай айтылып тұр ғой.

Діни ұстанымына байланысты Диас баламызға жасалынған озбырлық ешқандай заңның шеңберіне, адамгершілікке жатпайды. Халықаралық әлемдік деңгейде өтетін жарыстарға қатысатын, мұсылман елдерінен келетін жоғары лауазымды спорт шеберлерінің барлығы дерлік – ислам қағидаттарын ұстанғандар.

Демек, Диастың жеке жаттықтырушысының спорт немесе намаз деп екеуін қатар алып жүруге рұқсат бермеуін қалай түсінуге болады? Өзі айтқандай «намаз – спорттық мансабыма кері әсерін тигізбейді» – деуі оның жүрегінен шыққан жанаңайы.

Диастың пәтерін тартып алуы, Жалпандас Баһадүр атындағы Олимпиадалық резерв колледжінен рұқсат босатуы (шығаруы) қандай заңдылықтар мен ережелер негізінде жүзеге асқан? Жас спортшының келешегіне балта шабатын бұндай әрекеттерге біреу жауап беру керек ғой. Олимпиада алтынның көк тиянға татымағанын, әкесі өмірден

«Ақмешіт жастары» газетінен (№40, 7 қазан, 2021 жыл) Олимпиада чемпионы жалақыдан айырылды, пәтерден қуылды» деген хабарды оқып, Диас Бахрадин баламың тағдырына бей-жай қырай алмай, қолыма қалам алдым. Спорттағы сүреңсіз саясаттың құрбаны болған 18 жастағы Диас жеткізген мән-жайдың анықтығына еш шүбәм жоқ.

өзгегеннен кейін үйдің асыраушысына айналғанын өкініш өкісімен айтқанмен, қиындықтардың артта қалатынына сенімнің зор екенін жасырмайды. «Бастысы, жігеріме жұм қуылмады» деймін. Спорттағы осындай лас дүниелер кейде қиынқылтады», – деп ренішін де жасырмайды.

Аталық ақылмен: дегеніңнен қайтпа, көріп жатқан қиындықтарды қайрақ етіп, жігеріңді жани бер. Таза еңбекпен келген абырой сені өркез де өрге сүйрейді. Келешегің алдында. Өмірден белгісіз себептермен озған Мұстафа Өзтүркі әкенің өмір жолына үйіл.

Өріге бармай-ақ қазақтың тарихында «ауылдағының аузы сасық» деген қағидаттың жүзеге асып жататынына мысал көп. Бұндай келеңсіздіктер спорт саласында да жетіп жатыр.

Диас балам! Өзіндей жас спорт шебері туған топырағында өз орнын табады. Кісі еліңде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлан боп деген қағидатты есіңде сақта! Шетелге кетуге асыға. Себебі, сені түсетін, жәрдем беретін, ақиқаттың ақ жолын көрсететін, саған жасалынған әділетсіздіктің жауаптыларын табатын, зан асықанда тәртіпке шақыратын арнайы мекемелер мен азаматтар бар. Сен мұнының «Ақмешіт жастары» газеті редакциясына барып жайлы салысың.

Дұрыс жасағаның! Ал газет редакциясы сол қалпында жариялап, елге жеткізді. Газетіміз 9 мыңға жуық газет оқырмандары бұл мәселеге бей-жай қарайтындығына сенемін.

Өзімің жасағандарды, ақсақалдарды, заңгерлерді, журналистер мен жас бөлшеңдерді, студенттерді Диас тағдырына бей-жай қармай, әділдік жолындағы табандылыққа шақырамын.

Қ.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
ҚР «Ерен еңбегі үшін»
медальінің иегері,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университетінің профессоры

МӘСЕЛЕ

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРДІ КӨП КҮТЕМІЗ

Қоғамдық көлікті күннің суығында жарты сағаттан астам уақыт күтіп қаламыз. Осы мәселемен шағымданған қала тұрғындары әлеуметтік желіні толтырды. Назар аударып жатқан ешкім жоқ.

Мәлдір САБЫРЖАН

Жұмысқа келер уақыт пен қайтатын уақытты таймаунт уақыты дейді. Міне, сол тұста қоғамдық көлікке сыйып, мініп кетсеңіз, күнінздің оңынан басталғаны. Ал егер қалып қойым десеңіз, аялдамада тоныл тұрасыз. Біз де қанша қоғамдық көлікке мініп жүрміз, әрі түр мен бері тұрдың әпелі.

– Қоғамдық көліктер көп жүрмейді, жарты сағат күтіп қаласыз, оқушылар мен студенттер таксиге ақша шығындап қайтуына тура келеді. Студенттердің қазір жағдайында қоғамдық көлікке мініп өте қиын. Кешкі уақытта маршрутты көп күтіп қаламыз. Оқушыларға тоқтайай кететіні тағы бар, – дейді қала тұрғыны Шамахан.

– 14 маршрут аз жүреді, соны көбейтсе деген қалауымыз бар. Колледжде оқитын қызым маршрутпен қатынайды. Ол да қиылып жүр, – дейді Кенжегүл Смаилова.

Тұрғындар назын тиісті сала мамандарына жеткізген едік. Көпін құнар жауап алмадық. – Пандемияға байланысты көлік саласында жүрген кәсіпкерлер бағытын өзгертіп, басқа бизнеске кетіп жатыр. Автобус паркі жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жалпы 135 автобус бар. 40 автобус бұзылып тұр. Тез арада шығару мүмкін болмауы тур. Сәбібі Қытайға шығарылған соң, қосалып бөлшек те Қытайдан алынады. Керекті заттар шекарадан өте алмай, қиындықтар туындап жатыр. Кезең-



кезеңімен жүргізіледі. Автобустың кассирлердің қысқартылуы себебі, Қазақстан бойынша электронды төлем жүргізілген. Бұл біздің қалаға да өңді. Бұл төлем жүйесін халық үшін тиім екенін аялдамаларды аралап жүріп түсіндірік. Төлем жүйесі 70 пайызға орындалуда. Өр

көлік интервалы 10-15 минут болу керек, жоғарыда атап өткен кедергіге байланысты 20-25 минутқа созылуда, – дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолшылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Бауыржан Оспанов.



Аппаратты түсіндіріме жұмыстарын күшейту үшін 12 бөлім, 145 тармақтан тұратын арнайы облыстық медиа-жоспар әзірленді. Ол сапа басшылары мен аудан әкімдерінің брифингтерінің ұйымдастыру секторы жұмыстарына қамтылды. Сондай-ақ республикалық және жергілікті БАҚ-тарда түсіндіріме және насихаттық жұмыстарды жүргізуге 45 адамнан құралған спикерлер тізімі жасалды. Соған сәйкес бүгінге дейін мемлекеттік орган басшылары, қала және аудан әкімдері және басқа да сала мамандарының қатысуымен 23 брифинг өтті.

«Жолдаудың басымдықтарының бірі жастар мәселесі. Мемлекет

НЕЕТ САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАРҒА БАҒДАР

Жолдаудан туындайтын міндеттерді өңірімізде жүзеге асыру бойынша басым бағыттарды айқындау мақсатында облыс әкімінің төрағалығымен облыстық актив отырысы өтті. Онда аймақ басшысы жиында нақты міндеттер мен тапсырмалар жүктеді. Осыған орай, Жолдауды тұрғындар арасында кеңінен насихаттау мақсатында арнайы жоспар бекітіліп, сол бойынша тиісті шаралар ұйымдастырылуда. Бұл туралы облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлімдеді.

басшысы НЕЕТ санатындағы жастар үшін техникалық және кәсіби білімнің тегін берілуі керектігін айтты. Бұл тапсырма бойынша облыстағы НЕЕТ санатындағы жастарды анықтау және деректерін жасақтау, қолға бейімдеу мақсатында әдрестік жұмыстар қолға алынған. Бұл жұмыстар Қызылорда қаласына қарасты 7 ауылдық округте және Жанарқан ауданында жүргізілді. Нәтижесінде осы елді мекендердегі жастардың әлеуметтік статустары анықталып, ақпараттық базасы құрылды. Жолдаудың аясында дейін барлық аудандарды қамти отырып, бұл бағыттағы жұмыстар

күшейтіледі», — деді басқарма басшысы Мира Жомартқызы. Жолдаудың тағы бір бағыт — жаңа мәдениетті және оның дарынды өкілдерін даярлау. Бұл бойынша да ішкі саясат басқармасы тарапынан тиісті жұмыстар атқарылуда. Осыған орай облыста «Сыр дарыны», «Жас ғалым-2022» облыстық байқауларын және дарынды мүсіншілер, ортешілер, театр қызметкерлері, музыканттар мен қаламгерлердің бастамаларын қолдау, патриоттық тәрбие беруге негізделген «Айбын» жобасы, мүмкіндігінше тегін жастарды қолдауға бағытталған шаралар қарастырылып отыр.



«Туған өлке тағзым» өлкетану-зерттеу экспедициясы аясында Зияткерлік мектеп оқушыларының ғылыми жобалар сайысы өз мәресіне жетті. 400-ден астам оқушының басын қосқан желілік додаға сырбайылық өркендер 22 зерттеу жұмысын ұсынды.

«Мектепшілік кезеңде барлығы 47 жұмыс қаралды. Ең үздіктері мемлекеттік байқауға жолданды. Оқушылардың ғылыми еңбектері мен өнертабыстары өңірдің дамуына, өртүрлі салалардың жандануына арналған», — дейді мектеп директорының орынбасары Ләззат Абдрахманова. 12 сынып оқушысы Бағлантұр Тәлебаев медицина қызметкерлеріне көмекші бола алатын робот құрастырса, 11 сынып оқушысы Даниян Хейай ауылшаруашылық саласына қажетті тыңайтқыштарды, тұқымдарды шашатын конфуционалды ұшу аппаратының прототипін жасады.

Бұл қолдағы есімдіктер ауруын және өртердің алдын-алуға диканацияларға үлкен көмекші бола алады. Көп энергияны қажет етпейді және үлкен аумақтарды бүркеуде өте тиімді», — дейді жас өнертапқыш. Судың сапасын жақсартуда және өндірістік суларды тазартуда 12 сынып оқушысы Зарина Айсауытұева бей-жай қараймай, оларды шешуге үлесін қосуға тәрбиеленді. Жас зияткерлер бірі-бірімен тәжірибе алмасып, құрбандық, білімнің кеңейткі», — дейді Жібек Айдарбекова.

Байқауда «Селт еткізер ерөн ой» бағыты бойынша сайысқа түскен Жангерей Зинелов «Туған өлкем» шығармашылық туындысын таныстырды. Бұл композицияда жас зияткер Қазақ АКСР-ның алғашқы астанасы болған Қызылорданың тарихы мен даму бағыттарын түрлі-түсті бояулар арқылы жеткізді. «Картинадағы «Сыр ана» монументі көптің өңірін бірігіп сипаттаса, тарихи ескерткіш — темір жол вокзалы қаланың сәулетін бейнелейді. Ал «Қорқыт Ата» мемориалық керегі, зымыран, Сырдария өзені және күрші алқаптарын үйлестіру арқылы мен Сыр өлкесінің мәдени, рухани және экономикалық байлығын көрсеттім. Бұл туынды арқылы мен өзімнің туған өлкеме деген ыстық ықыласымды жеткізгім келді», — дейді жас суретші.

Сондай-ақ қызылордалық зияткерлер Сығанақ, Жанкент қалашықтарындағы тың зерттеулерімен, Аралды қайта қалпына келтіру, еліміздің жасанды ортапарландыру және Қызылорда өңірінің экологиялық мәселелерін шешу бағытында идеяларымен бөлісті. Айта кетейік, қатысушылар «Ұлы дала өркенітеі», «Туған өлкем — жұмақ мекені», «Үлгі руханиыты — бабалар аманаты», «Иновациялық даму», «Жасал планета», «Әлеуметтік кәсіпкерлік және жаңа идеялардың қуы», «Біздің күшіміз — бірлікте» бағыттары бойынша өнертабыстарын таныстырды. Сонымен қатар «Туған жер — тұғырым» тақырыбында ЭССЕ жазып, өз өлкесі жайлы құнды деректермен бөлісті.

ЖОЛДАУДЫ НАСИХАТТАДЫ



Облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен ақпараттық топ мүшелері, білім беру ұйымдарында жастармен кездесті.

Мақсат — ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жариялаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» атты кезекті Жолдауын жастарға насихаттау. Жастар арасындағы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу және діни сауаттылығын жетілдіру мақсатымен діни ағымның жетегінде кетіп жатқан жастарға түсіндіріме жұмыстарын жүргізу. Сондай-ақ жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу.

Кездесуде М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжін және «QZaly» жоғары колледжін студенттеріне арнап «Жастар ресурстық орталығы» КММ директорының орынбасары М. Дауылбай орталықтың жұмыстарымен таныстырып, Жолдауды жастарға насихаттады. Қызылорда облысының діни істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығын» теология Бақтияр Османов Қазіргі жастар арасындағы дін танымдық көзқарастар мәселесі» тақырыбы аясында бұқаралық әлеуеті ойын ортаға салып, жастарды теріс діни ағымдардан сақ болуға шақырды.

ТАТУ ОТБАСЫ



Дәл осы атпен жас отбасыларға арналған марафон облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен 12-16 қазан аралығында өтеді. Онлайн марафонға қатысушылар күнделікті беріліп тапсырмаларды орындайды.

Марафонға көз келген қатысуға ниет білдірген отбасы қатыса алады. Қатысушы отбасыларға WhatsApp әлеуметтік желісімен арнайы топ ұйымдастырылды. Әр күнге әр түрлі тапсырмалар беріледі. Қатысушылар тапсырмаларды орындап, жауабын видео немесе фото түрінде күнделікті жіберіп отырады.

Мақсат — ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, өз отбасы мүшелерін жаңа қырынан танау мүмкіндігі беру, отбасы құндылығын арттыру, татулықтың беріктігі сақтап қалуға ықпал ету. Марафон қорытындысына сәйкес белсенді болған қатысушыларға арнайы сертификат табысталады.



— Археология және этнография ғылыми-зерттеу орталығының негізгі мақсаты — Қызылорда облысы территориясындағы тарихи-мәдени мұраны зерттеу және қорғау, археология және этнография салалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу және тарихи құндылықтарды насихаттау. Сондай-ақ университеттің тарихшы, археолог және этнограф ғалымдары тәжірибе алмасып, археология ғылымдарының жетістіктері мен даму жолдарын айқындайтын орталығы айналады», — деді «Тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к, доцент Айжан Оразбекова.

Бүгінге дейін ғылыми зерттеу орталығы 3 халықаралық жоба, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 4 гранттық жобасын, 12 облыстық жобаны орындады. Атап

300-ГЕ ЖУЫҚ ҒЫЛЫМИ ЕНБЕК ЖАРИЯЛАДЫ

Тәуелсіздік жылдарынан бері Сыр өңіріндегі археологиялық ізденістерді жүргізу Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің тұрақты бағыты ретінде қалыптасты. Быыл «Археология және этнология» мамандығының ашылғанына 25 жыл, орталықтың құрылғанына 10 жыл толды. Осы орайда, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Қош келдің, археолог!» атты кездесу көші өтті.

айтсақ, «Wenner-Gren» антропологиялық қорының гранты шеңберінде 2011 жылы Жанкент қала жұртында археологиялық қазба жұмыстары жасалды. 2018-2020 жылдар аралығында Ұлы Жібек жолының солтүстік аймағындағы көшпенділер мемлекетінің қалыптасуы және урбанизациялануы. Ерте орта ғасырдағы Жанкент қаласы туралы халықаралық жоба жүзеге асырылды. Сонымен қатар Хорезм экспедициясының Сыр өңіріндегі зерттеулерінің тарихы кітап-альбом түрінде жарыққа шықты. Орталық облыс көлемінде орналасқан жүздеген ескерткіштің паспортын, тарихи-мәдени сарантамаларын жасау мен қорғау аймағын анықтау жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді. Қазіргі таңда 10-нан аса монография, 300-ге жуық ғылыми еңбектер жариялады.

Археологиялық заттарды сипаттап, өңдеп, қалпына келтіріп зертханасы және жәдігерлерді қоятын көрме залы бар.

Орталықтың құрылған күнінен бастап ғылыми жетекшілік жасаған белгілі археологтар Ж.Құрманқұлов пен И.А.Аджиевтың еңбегі зор. Сонымен қатар халықаралық жобаларды орындауда Тобыннен университетінің профессоры Г.Харискин оры ерекше, — деді А.Оразбекова. Қазақ тарихының тереңдігі мен көп қырлылығының куәсі болып табылатын археологиялық ескерткіштерге деген қамқорлық пен жауаптылық, жан-жақты табанды зерттеулер Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің құнды қызметінің бірі болып қала бермек.

15 ҚАЗАН — КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ

КІТАП — РУХАНИ БАЙЛЫҒЫМ



Кітап — рухани байлық. Кітап оқу арқылы жан дүниен тынышталып, Кітапты қолға ұстап оқудың өзіндік ерекшелігі бар. Оны жастардың дені түсінген. Оған себеп бүгінде кітапханалар келіп, кітап алатын оқырмандардың көптігін білуге болады. Менің де кітапханашы мамандығын таңдауыма кітап деген сүйіспеншілігім арқау болды. Сондай-ақ марқам өкемің кітапқа деген үйіспеншілігі үлкен септігін тигізді.

15 қазан — кітапханашылар күні жақындаған сайын өкемің дорба-дорба өкпеген кітаптарын жастаңа ойытын сәт өсіме орналады. Өкемің кітапқа деген қызығушылығы мен құлшынысы үшін бір бөлмеңе кітаптар жинап, «А.Тірікманованың жеке кітапханасы» деген мөрі болатын. Осылайша бала кезде жатып, жастаңа оқыған кітабымыз бүгінде кітапханасы атаңауға септігін тигізді.

Гүлмира ПІРМЖАНОВА

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТ ТӨРІНДЕ

«Достық» үйінде мектептік медиааияны дамыту мақсатында оқушылар арасында ғылыми және әлеуметтік жобалар байқауы өтті. Шарада өткізілген жобалардың арасынан іріктеліп 14 жоба қорғалды.

Байқау барысында қазылар алқасының шешімімен «Жаңашыл жоба» номинациясын П.Осипенко атындағы №8 орта мектептің 8 сынып оқушысы Салғұт Абрамов иеленді. Сондай-ақ Т.Рысқұлов атындағы №22 орта мектептің 11 сынып оқушысы Алтынбай Тәлеберген «Заманауи жоба» номинациясы бойынша марапатталды. Ал «Үздік жоба» номинациясын Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы Құралай Амангелді қанжығасына бағлады.

Сайыс жеңімпаздарын «Қоғамдық келісім» КММ-нің директоры Болатбек Айтбөбетов марапаттады.



Әйтеке би кентіндегі теміржол вокзалында жарыс жолына шыққан спортшыларға аудан әкімі Мұхтар Оразбеков сәттілік тілеп, саяпатты өмір сүлген ұстанушы азаматтарға алғыс айтты. Мұхтар Әуесұлы өз де марафонға қатысып, спортшылармен бірге жүгірді. Жарыстың жеңімпазы Қармақшы ауданынан келген Мейірімжан Мақашат атанды. Жүлделі ІІ орынды байқоңырлық Данияр Баймаханов иеленсе, қола

жүлдеге тағы бір қармақшылық Бағдат Елібаев қол жеткізді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді аудан әкімінің орынбасары Даурен Тілеуөбетов пен жарыстың демеушісі, жеке кәсіпкер Әділет Қарымсақ құттықтап, оларға қаржылай сыйайы табыс етті. Сондай-ақ атқашылардың қатарында келген спортшылар «Алғыс хат» пен бағалы сыйлықтарға ие болды.

«QAZALY MARATHON — 2021»

Қазалы ауданында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Qazaly Marathon — 2021» атты желаяқтар марафоны өтті. Жарысқа қатысушылар 12 шақырымға жүгірді. Марафонға қазалылықтармен қатар Қызылорда, Байқоңыр қалалары және Жалағаш, Қармақшы аудандарынан 200-ге жуық спортшы қатысты.



Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылып жатқан «Жастар жырлайды» жазба ақындар айтысының финалдық кезеңінің екінші жұбында жолыққан Бексұлтан Орынбасаров пен Айбану Қалиеваның айтысын назарларыңызға ұсынамыз.

Бексұлтан Орынбасаров:

Жақсы ғой алғыс болса ақ дегенің,
Кез келгенге қонбайды бақ дегенің.
Айтыс, құмар ағайын армысыңдар,
Балаңның бағын ашқан бапкер елім.
Супер финал деген соң келдім
Жазба айтыстың төгілтіп төтті өлеңің,
Бірінші қарсыласым Динар болып,
Мәреден қатарласа өткен едім.
Екінші айналымға шыққанымда,
Өуселесін байқадым Бақтөренің.
Үшінші атық сынға шығып тұрмын,
Қарсыласым Айбану әпкем менің,
Мен негізгі айтыскер ақынмын ғой,
Көп емес поэзияға беттегенім.
Ақмешіт айтысына қатысам деп,
Жаза-жаза жазба ақын бол келемін.
Айкем, ақылшымсың, өрі сыйшымы,
Өпкемісін ар-ұятым, намысымсың,
Екеумізде Аралдың тумасы едік,
Туысымын тіпекші танымсың.
Бұл күнде Қармақшының келінісің,
Біреуге жар, біреуге абысыңсың.
Айтулы ақын Тұрар жездемізге,
Арылған бар өмірің, табысың шын.
Ініменен жолықтың жазба айтыста,
Деп мақтан етуші едің арысымсың.
Бауырына басқанда бауырыңды,
Жатып ішер жездемі әрі тұрсың.
Апасы мен інісін айтыстырып
Деп отыр-ау бірінің сағы сынсын.
Аралдың көрсетпесен мықтылығын,
Болатынын білесің бәрі үшін сын.
Сондықтан да әпкесі інісіне,
Жеңіс деп аталатын дәм ұсынсын.
Бабаның өсиетін білесің ғой,
Қанына тартпағанның қары сынсын.

Айбану Қалиева:

Өпке деген айналдым жүрегіңнен,
Тәттілік төгіліп тұр тілегіңнен.
Кешеп жүлден, інім, құтты болсын,
Өрдайым қолдап сені жүремін мен.
Жездеңді бірақ, ботам, сөге керме,
Рұқсатың сұрап шықтым тірегімнен.
Естісе балдызының базинасын,
Шығармай қойып жүрер бір елі кем.
Сәлем бердім, еліме аманбысың?!
Ақтық сында көрсетем шамамды шын.
Қазақ қызын қайсар ғып тәлім берген
Кешеп бабаларым данамысың.
Тәуелсізбіз басымызда бағмыыз бар,
Күресуге дайынмын далам үшін.
Осы күнге жеткізген мына бізді,
Қарыздармын Отандай анам үшін.
Өртенген кеше үшін бала бір қорада,
Көзден жас шықпай мүлде қалармысың.
Салғырттық кетті кімнен білмей дәмлім,
Ұят қой бұл дамыған заман үшін.

Айта берсек, түршігер өн бойымыз
Алаңдаймын болашақ ғалам үшін.
Кезегінді берейін, кемеңгерім,
Осыларға бір бойлап барамысың.

Бексұлтан Орынбасаров:

Жан апам жазба өлеңді мықты арнайды,
Қайтесің қаламыңды құртқан байды.
Жездекеміз өкпелей қоймас маған,
Жақсының көңілінде дық қалмайды.
Құтты болсын айтқаныңа рақмет,
Қуана білмегенге құт қонбайды.
Жас қыршынның өлімін айт деймісің,
Дұшпанға тілемеймін тіпті ондайды.
Атырауда өртеніп үш бүлдіршін,
Жанымызды күйзелтіп жыққан қайғы.
Былтыр ғана өрт шалды бес баланы,
Сондада біреуі жоқ ұққан жайды.
Бар қазаққа қайғырып, көңіл айтам,
Ажалдан адамды ешкім құтқармайды.
Әй, бірақ та сақтансаң сақтайды ғой,
Құдай өзі қорғаса тұқ болмайды.
Бота ғұмыр қылса тірөсінен,
Келешектің көшіне жүк бармайды.
Бала шақтан өртеніп кете берсе,
Болашақта қазақтан тұқ қалмайды.
Отырған соң мен сізді тұыс қылып,
Өзінді алтын, сөзінді күміс қылып.
Бір жұмбақты жасырып көрейінші,
Шешімін таратсаңыз дыбыс қылып.
Алаштың арыстары арқасында,
Тұрған жоқ па еліме ырыс кіріп.
Ішінен бір тұлғаны мен айттайын,
Қазақ үшін бітірген бір істі нық.
Өмірде сара жолын салып кетті,
Түріксіз деген жолмен дұрыс жүріп.
Қазақтың жастарынан одақ құрған,
Елінің ертеңі үшін жұмыс қылып.
Сізге жақын адаммен аттас еді,
Көңіліңді жүретін тыныш қылып.
Фамилиясы ұқсайды осы ұйқасқа,
Төренірек ойлансаң ығыстырып.
Кезегінді берейін ал еңдеше,
Жауабын тауып берші дұрыс қылып.

Айбану Қалиева:

Жауабын тауып берсем дұрыс қылып,
Көрсетпедің, жарайсың, бұрыс қылық,
Бауырым-ау, жездеңе тиісе берме,
Бізді үйде жүрерсің ұрыстырып.
Түркісіз темір жолын салып кеткен
Бұл өріне ер жүрек Рысқұлов.
Сопарды біліп өссе келер ұрпақ,
Ел үшін кетер еді бір іс қылып.
Жасырайын тауып көр жұмбағымды,
Анамын жырман тербер құндағымды.
Арал жақтан айттайын періште ақын,
Білемін ол ақынды тыңдарыңды.
Екі аяқтан айырылып бала кезде,

Отырып-ақ танытқан шын дарынды.
Алты айында жүгіріп кеткен екен
Тауып көрші жасырдым сонда кімді?
Заман жайын айқайлап айтқанменен,
Бір боп тұр тұқ бітірмей қайтқанменен.
Қолымыздан келетін қайран бар ма,
Қабырғамыз қайысып жай ұққанменен.
Егемендік тұрса екен тек күшінде
Маза кетпей қазақтай сайыпқыран елден.
Қадірін түсінетін жастар да бар
Жандарына бататын жайттар деген.
Рұхымызды алмайық түсіріп тек,
Мемлекет материалды байытқанменен.
“Ақмешіт жастарындай” жастар болсын,
Саф өнерді дәріптер сайттарымен.
Қуанам қалғанымыз жасырмаймын,
Бұл сында шын жүйрікке лайықтарменен.
Аярым жоқ шынымен біле білсең,
Осындай кең жазира байтақ елден.

Бексұлтан Орынбасаров:

Жасырған тұлғаныңа қызығар жан,
Лауқысына жазылған үзік арман.
Ол кім десең Зейнолла Шүкіров қой,
Теңіздің маржанындай сүзіп алған.
Қос аяғы жансыз боп бала жастан,
Жүрегіңде жалғанның сызы қалған.
Өйтсе де шығармасын оқыған жан,
Нағыз “Құрыш қазақ” деп жүзі жаңған.
Алшаңдап жүрмесе де ел алдында,
Артында өшпейтұғын ізі қалған.
Айтпаса ақынныңың от өлеңі,
Демеймін бұл сөзімді бекер еді.
Жездеңмен ұрыстырып жүрме дейсің,
Бостан-бос кінәлама, төте, мені.
Қарасам бұл күні жас келіндерге,
Бір ой бар мазалайтын жеке мені.
Күйеуін жерден алып жерге салып,
Өулетіне айқай шу әкеледі.
Еліңе де бір қызмет етесің ғой,
Басқарып отырсаң да мекемені.
Еріңе де бір қызмет етесің ғой,
Әйелі болғаннан соң некедегі.
Алла берген жездеме адал болып,
Ризашылығын алсаң жетер еді.
Өле өлгенше жарына қызмет етсең,
Құдайда дәреженді көтереді.
Адал сөзді ақтарлық парактарға,
Ұзатпай ұсынайық сараптауға.
Уақытта мәресіне келіп қалды,
Көз жүгіртіп қарасаң сағаттарға.
Отыз жылдық құрметіне айтыс қылған,
Нұр жаусын жасөспірім талаптарға.
Талапты ерге нұр жауар деген Абай,
Істерің толы болсын сауаптарға.

Алла деген ағайын аман болсын,
Шүкіршілік ететін әр ақ таңда.
Ал, әпкетай, өсіммен сау тұрыңыз,
Үлгі болып артында келе жатқанға,
Меніңше мына сізге айтыс емес,
Қатысқан дұрыс болар дебаттарға.
Егеменді еліміз өсіп-өніп,
Атағы жайлысын сан тараптарға,
Тәуелсіз болып өркез Қазақстан,
Тәуелді болсын жалғыз Жаратқанға.

Айбану Қалиева:

Екі Арал кездескенде аламанды
Сөз таппайды бір бірі жамандарға.
Елімізде болмасын ешбір зұлмат,
Туысымызға қонбағай жаман қарға.
Дебатың айттып тұрған сөз жарыс қой,
Талпыла сен де солай шамаң барда.
Келіндік қызметім құрметімдей,
Сөйлеп жоқ оған ешбір алаңдарға.
Келінді түсірейік ал, бұйырса,
Жақсы жар жолықтырсын саған да Алла.
Әйел алсаң, інім-ау кетіп жүрме,
Ел туысқа өсірген сараңдана.
Қоштасайық көп сөзбай бауырымсың,
Сөз бен ісі нық інім бағамдарға.
Көзіме көрінбеген көрерменім,
Өз бағанды бір оқып берер ме едің.
Жазба ақындар айтысқа шығып жатса,
Қол соғуға шынымен келер ме едің?
Бұл айтыстың қызығы бары сонда,
Жаңашылдық дәл солай өнер дедім.
Бастамасы боп тұрған жақсылықтың,
Газет ұжымын ең жақсыға теңер едім.
Айтылмаған, жазбаған тұқ қалмасын
Қадірің арта берсін, кемеңгерім.
Тілшінің бар жақсысы Сыр Медида
Інінің ең адапын сенен көрдім.
Ақының айтыс десе жасымайды,
Қалайша қаным бүгін тасымайды.
Дүбірлі додада біраз сөзімді айттым,
Жұртыңда емес бүгін басымайды.
Қасиетін сөздірек ана тілдің
Қарын май да себепсіз сасымайды.
Бірлікпенен бітірсең мың тірлікті,
Елімді ертең ерлер асырайды.
Өзіміз мықты ұрпақ тәрбиелесек,
Өзге кеп қотырыңды қасынайды.
Сөбіңді иісі аңқып әр қазақтың
Үйінен ерекше нұр шашырайды.
Әлі-ақ бізді сан белес күтіп тұр-ау,
Қазақстан халқы бұл асыл өңі.
Жақсылықты сеземін мен бүгіннен.
Жақсыны айта берсек жарылайды.
Болар елдің баласы көрген жерде,
Үлкенді үлгі тұтып хал сұрайды.
Осыменен аяқтап басымды ием,
Көбірек өткізсе екен осындайды.
Бақыттымыз баянды болсын десем,
Қолпаштап кімдер маған қосылмайды?!

— Елена апай, жағдайыңыз қалай? Өзіңіздің тыңдаушыңызға, жерлестеріңізге айтар жаңалығыңыз бар ма? Шынымды айтсам, сізді «Абай» арнасынан көріп қатты қуандым...

— Жағдай жұрт қатарлы... Осы індет жаңалық аспақ түгілі “менмін” дегендерді есеңгіретіп тастады ғой. Жаңалығым — тірімін! Қазір осыдан артық жаңалық болмай қалды. «Абай» арнасы ашылған күннен бастап, «Сарасөз» хабарын жүргізуге ұлттық арна басшысы Ләззат Танысбайдың өзінен ұсыныс түсті. Шынымды айтайын, біріншіде сәл тосырақ, менің жасыма қалай болар екен деп ойланым қалдым. «Абай» арнасы ашылатынынан да бейхабар едім. Ол кісі «Сіздің қолыңыздан келеді, сырттай бақылап жүрмін» дегесін, келісім бердім. Келіскенде де, бұрын тепе арналарға жай қонақ болып барып жүріп, енді ашылатын арна болса, біраз ішінде жүріп, танысып, көремін, білмегенімді үйренемін деп ойладым. Арна басшысы Азамат Кеңесұлы «арғы күні түсірілімдер басталады, дайындалыңыз» дегенде, уақыттың аса тығыз және жедел кәсіби барлық мүмкіндігін пайдалану керек екенін түсініп, теле әлеміне «сүңгіп» кеттім. «Абай» арнасы Ұлы ақынның өзінің тағдыры сияқты қиын кезде ашылды. Карантин, кісі өлімі көп, індеттен үркіп жүрген жұрт, бастапқыда екі апта бойы өзіміз ауырып жүріп, хабар жасадық. Абайы болғанда, «Абай» арнасы көрермені қалыптасқан, бағыты айқын, талғамы жоғары арналардың бірі болып шықты. Осы жазда 1 жылдығы аталып өтті. Бұл да менің шығармашылығымға үлкен жол болды.

— Кей ақындарды тану үшін оның шығармашылығымен жақсы танысу болу керек (әуелі өзі кейде өлеңін не болмаса әл арасында көңінен таралған бір өңім сөзін мен жазғаным дегендей... таныстырып жатады) бір сөзбен айтқанда, кей ақындар өлеңіңіз артында тұрады. Сіздің өлеңіңізден бұрын өл өзіңізді таниды. Бұл сіздің тұлғалық, ерекшелігіңізден, туа бітті адами болмысыңыздан болу керек. Өлде өң әуелі айтыс арқылы танылғаныңыздың өсері ме?

— Айтсақ да бір кісідей қатыстым, әрине. Талай рет жүлдегер атандым. Сыр бойының намысын талай додада шамам келгенше қорғадым. Ел мені де өнерім арқылы таниды. Менің мен болғаным, өнерімнің, осы уақытқа дейін өнер мен әдебиетке барынша адал еңбек етіп келе жатқандығымының жемісі. Әйтпесе ғайыптан тайып, жайыптан байлап жүргенім жоқ.

— «Еленаның волгасы» деген брэнд бар бізде. Ол тіпті сіздің есіңізде де жоқ шығар. Қазақтың бір қарапайым азаматы өлі күнге дейін көлігін «Еленаның волгасы» деп брэнд қылып мініп жүргені жайлы бытыр бізде бір редакцияда сөз болған. Қазақтың ақын қызына көрсетілген зор құрмет деп қабылдадық. Қайсыбір жылдары БАҚ беттерінде Айнуңның көлігін санағанындай, сіздің айтыстан жеңіп алған көліктеріңізді санайын деген ойым жоқ. Өйтсе де көліктеріңіздің бәрін саттыңыз ба? Жалпы, өзіңіз көлік жүргізесіз бе?

— «Зор құрмет» пе, әлде, келеке еткені ме? «Еленада «Волгадан» басқа көлік жоқ» дегеніме? ... Десе, дегендей ғой. 2 Волга болған. Оның бірін Фариза апам сыйлаған, екіншісін Оңтүстік Қазақстан облысынан өткен халықаралық айтыстан мингенмін. Екеуін де бауырларыма бергем. Берген заттың соңынан тексеру жүргізбеймін. Қажеттерінен жаратқан шығар. Өзім көлік жүргізсем деп армандаймын, бірақ қорқам. Өзіресе біздің елордада көлік көп, кептеліс. Мен сияқты үнемі ой үстінде жүретін адамға қиындау шығар деп ойлаймын. Шиеплік Ақөділ деген інім өзі өртіп жүріп, жүргізуші күлгін алып берген. Бірақ көлігім жоқ. Осы астанаға келгені бір көлік несиеге алғанмын, оны үйдегі балам мініп жүр, мен — «Жаяу Мұсаңның қарындасымын!» деймін жұртқа.

— Елена десе елдің аузында сіздің мінезділігіңіз айтылады, өріне жақсы мағынасында. Өзіңіз айтқандай, мінез дегенде ешкімнің басын жарып, көзін шығарған жоқсыз ғой. Сіздің харизмаңыз, қазақша айтқанда, мысыңыз басады. Бұл жақсы ма, жаман ба?



— Адамның мысы болмаса кісі болудан қалады ғой. Ал, өзіме, өте момын, аңқау адам сияқтымын.

— Мінез адамға атаның қанымен, ананың сүтімен сіңеді. Ата-анаңыз дегенде көз алдыңызға балалық шақтың қандай суреттері елестейді?

— Мына жарық дүниедегі ең керемет, ең мөлдір, ең бақытты, жап-жарық күндер елестейді. Әкем мен шешем ешқашан ешкімнің ала жібін атпаған емес. Өтірік айтқан емес, есек сапырған емес! Мені барынша еркелетті. Не ішем, не киім десем, бәрін беретін. Олар маған «өйт-бүйт» деген емес. Мен олардың істеген істерінен үйрендім. Көргенімді үйрендім!

— Туған жерге соңғы рет қашан келдіңіз?

— Осы жазда туған ағам дүние салып, жерлеуге бардым.

— Архивте зерттеу жұмыстарына байланысты бұрынғы «Жаңадария», қазіргі «Жалағаш жаршысының» 1988 жылдардағы тігіндісін қарап отырып, сіздің сол уақыттарда беташардың мәтінін сынап жазған мақалалыңызды көзім шалды. «...Қалтың аузы ашық деп, құрт ұрлама келіңшек» деген жолдар қазіргі заманға лайық па? Осы беташардың сөзінде қандай мән бар?...» деп жазысыз. Сол 18 жасыңызда сөздің мәніне алаңдасаңыз, бүгінгі сөз қадірі туралы тіпті көзге жас алып айтуға тура келетін шығар. Қоғамның қандай мәселесіне алаңдайсыз?

— Ол мақалам «Беташардың беделі түспесін» деп аталатын мақала еді, сол уақытта «Лениншіл жас» газетіне де қатар шықты. Дұрыс айтсаңыз, сөз қадірі қашы, қашырды ғой қазір. Өйткені қоғам да, билік те сөз парқын білетін адамдарды құрметтемейді. Шын ақын мен нағыз жазушыны дәріптемейді. Оны айтсам, сорақылықтың түбі жоқ... Қоғамда, осынау кең байтақ мемлекетте сөздің парқы, адамдық нарықтың плінтустан төмен түскеніне алаңдаймын. Ұрпақтың болашағы, мемлекеттің өртені бір секунд та мыымнан шыққан емес. Ұлттың рухы мен жаны, мәдениеті мен өнеріне алаңдаймын.

— Сіз футбол көреді екенсіз ғой. Тіпті 2016 жылғы Еуропа чемпионатында Криштиану Роналдуға арнаған өлеңіңізді кейіндердің өзі шабыттанып, өлең шығарып жатыр деп жариялады сайттар. Бірақ сол өлеңді оқып отырып, менің жүрегімді мұң төрбеді. Сіз футболды ойын үшін емес, ойлаушы көретін сияқтысыз, тіпті басқа бір нәрсе ойлап отыратын сияқтысыз. Мәселен, футболдың философиясы...

— Иә. Спорттың барлық түрлеріне дөпбем қозады. Жанқұйырма. Өзіресе, біздің спортшыларға. Футболдың шығуы, бүкіл адамзатты ұйыта алғаны, қазіргі тұлғалары қызықтырады. «Доп тепкен де өнер ме?» деп ойлаймын кейде... «Адамзат санасының өсуіне қандай ықпалы бар?» деп ойлаймын.

...Негізі, сол өлеңімдегідей қатыгездіктен туған ойын сияқты көрінеді маған... Сонда, адамзат қатыгездіктің өзінен ойын жасап, бизнеске айналдырып және жұмыр жерді қол соққызып, елітіріп қойғандай елестейді.

— Сіз, жалпы ойдың адамысыз. Өлең де — ой. Өн де ойдан туады. Осы бір әдейілеп көңіл көтерейікші бір дейтін құрбыларыңыз бар ма? Сіз үшін жақсы демалыс деген не?

— Бар, әрине, бірақ көп емес. Мен үшін жақсы демалыс — жан-дүниені

Елена ӘБДИХАЛЫҚОВА, ақын, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

АДАМДЫҚ НАРҚЫНЫН ПЛИНТУСТАН ТӨМЕН ТҮСКЕНІНЕ АЛАҢДАЙМЫН

рахаттанған сәт. Жан-дүниені өресі биік, өнегесі мол бір жақсымен бірге отырып, шай ішсең рахаттануы мүмкін немесе ойға алған жұмысың оңғарылып, шешімін тапса, болмаса, қарапайым бір қаймананың бақытты сәтіне қуанып, сезіне алғанда. Өкінішке орай, ондай адамдар да, сәттер де жоқтың қасы ғой...

— Жас балаша қуантатын нәрселеріңіз бар ма?

— Ұшақ құстарды көрсем де, алпақ қардың жапалақтап жауғанына да қуанып қалам... Жаңбыр жауса да... Табиғат қуантады мені.

— «Фариза апа» деген мақалалыңызды оқыған кезде «...Қызылордаға «сыймай», анығы «сыйдырмай» Астанаға келген көзімнен бастап...» деген жолдарды оқып отырып, сіздің туған жерге өкпеңіз бар сияқты деген сұрағымды ірке алмай отырмын...

— Біздің Сыр бойының қарапайым еңбекқор, ақпейіл халқына мәңгілік қасқырлардың! Туған жерге ешқандай өкпе жоқ! Өнерімді көре алмай, жолымды кескен, қиянат жасаған, есектеп, өтірік жала жапқан, өкпелеткен адамдар бар бірақ... әлі тірі жүр олар... Таласбек Әсемқұловтың бір мақаласында «Сталин өлгенмен, сталинизм өлген жоқ» дегені бар еді.

— «Сыр өлі» деген өңіңізде сіздің осы бір туған өлкеге деген шексіз махаббатыңыз сезіледі. Көкшетаулықтардың апырай Қызылордаға да арнап сондай өн шығарады екен-ау дегенге ұқсас бір сөзін оқып, ішек-сілем қатып күлгенім есімде. Сонда сіздің қызылордалық болғаныңыз үшін керемет мақтаныш сезімі болды меңде. Әйтпесе сіз болмасаңыз, ондай ғажап өңді бізге кім арнап шығарар еді?! Сізді, басқа өңдеріңізді айтпағанда, осы өңіңіз үшін, сосын «Маңғыстау» деген керемет өңіңіз үшін нағыз патриот деп бағалар едім. Сіздің бұған алып-қосарыңыз бар ма? Сіздіңше патриот деген кім?

— Патриот болу үшін өн жазу міндет емес. Айқайлап, көшеге шығып, кеуде соғып, ұрандаудың да, «анау өтіп жатыр, мынау бүйтіп жатыр» деп жұртты айтақтаудың да қажеті жоқ. Өзіңнің шамаңа қарай, ісіннің толыққанды маманы болсаң, сол ісінді адал атқарып, халықтың ісінде ақиқатқа ғана жүгініп, адамдардың тағдырымен ойнамасаң, сол жетіп жатыр... Бірақ бізде айқайшып, ұраншып біреулер пиар жасап патриот болып жүр ғой. Олар осы әрекеттеріне әбден машықтанғаны сондай, беттеріне маска болып жабыса қалды. Ол маскараларды шешіп, ар жағын қарауға құзырлы адамдардың өзі маска киіп алған, бірі шешсе, бәрі шешу керек, сосын кім шешсін?... Бір күні сол маскаралар шешілер болса... неше түрлі дию, жын, құбыжық, мыстан, аждаһа, жалмауыз, сұм-сұрқия, ұры-залым... сұмдықтар шұбырып шыға келетінін елестете беріңіз... Қорқынышты...

«Сыр елі» — Сыр елінің қарапайым халқына, елге арналған өн. Жарыққа шыққанына 30 жылға жуықтады. Сол 23 жасындағы менің жүрегімнің лүпілі. Өзім де қарапайым ауылдан, көп балалы отбасынан шыққанмын.

— Биыл Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап жатырмыз. Осы 30 жылдықта ауыз толтырып айтатын мақтаншымызды айттың ба? Бер аласыз ба? Сондай-ақ өттеген-айымыз, жұрт болып жұмылып, жете алмай жатқан асыл мұраттарымыз...

— «Жеңілген палуанға да

бәйге берген» пейілмен қарасақ, «анау жақсы, мынау жаман» дей

алмаймын. 30 жыл оңай болған жоқ. Сонау 1991 жылдары ақшасы, күнкөрісі жоқ, экономикалық қиыншылықты да халық еңсерді. Өйелдер ала қап арқалап, базар жағалап, ұлттың сақталуына себеп болды десем артық емес. Оқуды енді бітіріп, еңбекке араласқан менің замандастарыма да оңай болған жоқ, жылдап айлық алмай, отбасын асырадық. Сонда да түңіліп, тозып кеткеніміз жоқ. Қазір Құдайға шүкір ғой. Бүгін білікке сол 1990 жылдарда туған, Гарвардты, Кембриджді бітірген балалар келіп жатыр, олар алдыңғы буынның қиындықтарын біле ме екен? Өбіш ағаның «Ел болу — қызыңның арымен, ұлыңның қанымен болатын дүние» дегені бар еді. 30 жылда арымыз да, қанымыз да аз тепілген жоқ. Енді, қайтсек те мәңгілік ел болып, мемлекет болып қалудың қанымен айналысу керек! Басқа сөздің бәрі — бекер!

— Туған жерге оралғыңыз келмей ме?

— Осы Өлеңнен түсінерсіз. ... Ауылға неге асығам, інім, Асыл өң күтсем кімдерден? Аңсау да бүгін — жасыған ұғым, Қауатып жанды үлгерген.

Ауылды жырылап, жұт, мейлі, өттің заһарын қанша — далбаса! Елімде мені күтпейді ешкім, өнебір мола болмаса.

Айтылмай атым, өшірсін елі, Жарылсын кеудем ағынан: тірлерді емес, кешірсін мені, өлілерді көп сағынам.

Қамыты күннің мойынымда өлі, Кім білген кімнің бағасын? Қайырымсыздың тойын ұлдары — көруге жоқпын ағасын!

Асығам бар деп сағынған бауыр — Туған жер десе таңдау жоқ, Айышқан арай тағынған ауыл — Молалар күтіп қалды-ау деп.

Ақтарам сосын соларға барып, Күйдіріп жанды жанғанда от! Сөзімді тыңдар, болам ба ғаріп — Тіріде ешкім қалған жоқ!

Доңыз да хансып, қоңыз да жаншып, тағдырым көпке мәлім дүр... Қарыз да таңсық, парыз да мансұқ, Арыз жоқ жалғыз ауыл бұл!

Жүрегім жүктен қалады арылып, Сұратпай айтсам халімді, Күрсінді тұрар молалар ұғып, Тірілер ұқпас жанымды.

Ар, Мейір, Шуақ жоқтап әр таңы Арылды менен мұң қашан? Тіпті — Ділім өлген! Мекені пенен кісіліктердің Биеті сынды Мазарлар!

Не десем екен, жыны меңдеген Сөз ұқпас қора — қауымға? Тіп — Ділім өлген! Тірімін бе мен?! Көсем ғой мола — ауылға!

Қоштасқан сайын мұңымға у сап, кертерей екінші келмей, Оралмай кетсем, сырдыма сусап, молалар жетімсірердей.

...татсам да тірілік таңының нәрін, ат басын елге бурмай көп. Тілеймін, шыным, ауылым — мәнім— Молалар аман тұрғай деп...

Сұқбаттасқан: Айжан ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

БІЗДІҢ АЙМАҚТЫҢ АДАМДАРЫ

КЕРЕК КЕҢЕС



Мұзарап Тілеутәев,
Айсана Қанатқызы:

ҚОҒАМҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАЙМЫЗ

Қоғамға пайдалы адам болу, айналадағы жақындарыңа жақсылық жасау қашанда маңызды және мұндай үлкен жұмысты атқаруға көп дүние керек емес. Бастысы, ынта мен қабілет болса болғаны. Бүгінгі мақалада айтқалы отырған жас отбасы бізді жан-жақты болар деген оймен Тілеутәевтар отбасы жайлы жазуды жөн көрдік.

Үйдің отағасы Мұзарап Тілеутәев – Жалағаш ауданының тумасы. Бүгінде ол Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінде бағдарламашы болып қызмет етеді. Мұзарап биыл спортқа деген ерекше қызығушылығының арқасында «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» үкіметтік емес ұйымдар арасында жарияланған мемлекеттік емес грантты жеңіп алған еді. Қаржылай қолдауды игі іске жұмсауды ниет еткен ол жобасының нәтижелі болғанын айтады.

– Ауыл жастарының бос уақытын тиімді өткізу, саламатты өмір салтын және дене шынықтыруды насихаттау мақсатында «Спорт – өмір мәні» гранттық жобасы жарияланды. Егер бізге қолдау көрсетілсе спорт саласын оның ішінде футболды дамытып, қабілетті аудан спортшыларын дайындап, қолда бар мүмкіндіктер арқылы аудандық, облыстық деңгейдегі жетістіктерге жетуге болатын. Осы мақсатымыз өкір 500 000 теңге грантқа көп жеткізді. Жоба барысында ФК «Дәуімбай» командасы спорттық киімдермен және футбол ойынына қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді. Нәтижесінде ФК «Дәуімбай» командасы аудандық жазғы лигаға қатысып, жүлделі II орынға ие болды.

Команда мүшелері алдағы уақытта да жетістікке жету үшін тынбай еңбек етіп, жаттығу жасауда. Ауыл жастары ойынының мүмкіндік берген «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығына» алғысымды білдіремін. Болашақта да гранттық жобалар жалғасын талса деймін, – дейді Мұзарап Тілеутәев.

Мұзараптың келіншегі Айсана Намурадин да қоғамдық іс-шаралардан қалыс қалған емес. Соның бірі Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» және «Қызылорда облысының ауылдық ЕҰҰ ұйымдастырған бастамашыл топтардың әлеуетін көтеруге арналған гранты жарияланған жобадан Айсана да белсенділік танытты. «Жанашыр жастар» бастамашыл тобының жетекшісі қаржылай қолдаудың мүлдем және жағдайы төмен отбасындағы балаларды жан-жақты дамыту және олардың ағылшын тілінен білімін арттыруға үлкен көмек болғанын айтады:

– Мамандығым ағылшын тілі мұғалімі болған соң осы пәннен мүмкіндігі шектеулі және аз қаржыланған отбасы балаларына тегін сабақ, түрлі үлгіде тәрбиелік іс-шаралар өткізді. Осыдан соң екінші мәрте «Жүректен жүрекке» жобасы аясында үш жұлмыз теңге қаржылай қолдау көрсетілді. Қоғамның толықандық мүшесі екенін сезіну – балалар үшін үлкен бақыт. Сондықтан өмірдің қиындығына мойымаған мүлдем балалар арасында спорт, қолөнер сайысын өткізіп, олардың тіршілікке құштарлығын оғту мақсатына осы қаржыны жұмсады. Жобалардың барлығы тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, бұқаралық спортты дамыту, жастардың бос уақытын тиімді өткізу, психологиялық-педагогикалық, медициналық көмек көрсету мақсатында жүзеге асуда. Жолдарым еңеуімз қоғамға аз да болса қуаныш сыйлай алғанымызға ризамын, – дейді Айсана Қанатқызы.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



БАТЫЛ БОЛСАҢ, БИЗНЕС СЕНІКІ!

– Маған мүлде таныс емес қоғамдық тамақтану саласында кәсіп бастадым. Жер алып, кеңес беруден жинаған қаржыма ғимарат салдым. Өріне қорқынышты болды. Дегенмен тәуекел еттім. Үлкен екі залмен жұмысты бастап кеттім. Қоғамдық тамақтанушы туралы мүлде хабарым жоқ еді. Ізденім, білетіндерден сұрадым. Оқидым. Бұл қызметте ең қиыны – адамдармен жұмыс. Тамағымыздың сапалы өрі демді болуы маңызды. Қызмет көрсету, жайлы орта қалыптастыру маңызды. Екі жылдан соң ғана қолымын келетінін түсінді, өрі қарай дамытуға бел будым.

Қиындықтар кездесе қайтпек керек? Кедергіге қалай тойтарыс бердіңіз? – деген сауалымызға.

– Пандемия өте ауыр соққы болды. Адамдар көпін азайтты. Жұмысымызға шектеу қойылды. Әлі күнге дейін жұмыс уақытында шектеулер бар. Азық-түлік бағасы күрт өсті. Үлкен ғимаратты бос ұстап тұру шығындарымызды өсіледі. Ал біздің мәселелімізге ешкім бас қатырғысы келмеді. Біздің өшім түсінбеді. Бір жағынан, бұл қиындықтар бізді біріктірі. Қоғамдық тамақтану саласындағы бірнеше кәсіпкер өз арыз-шағымымызды айтып құзырлы органдарға хат жазды. Бұрын өркім өзімен өзі жеке жұмыс істесе, қазір біз біріктік. Қызылорда облысының қоғамдық тамақтанушы және қызмет көрсету саласы қауымдастығын құрып. Қандай да бір мәселе болса, біріміз бірігіп шешеміз. Қапаладағы барлық кафе, мейрамханалар «біріміз біріміз үшін, біріміз біріміз үшін» деп

Ұзақ жыл мемлекеттік қызметте істеген Ақмарал Максұтқызы – бүгінде қаладағы ірі кәсіпкерлердің бірі. Алғаш салық саласы бойынша кеңес беру орталығын ашқан ол, қазір мейрамхана қожайыны. Жауапкершілік жүгі ауыр қоғамдық тамақтану саласында жақсы жетістіктерге жетті. Еңбекқор кәсіпкер қиындық шыңдай түсетінін айтты.

Ақмарал МАҚСҰТҚЫЗЫ,
Қызылорда облысының
қоғамдық тамақтанушы
және қызмет көрсету саласы
қауымдастығының төрағасы:

ауырбырлық танытудамыз. Тығырықтан шығуға осылай жол таптық.

Қазір кәсіпкер боламын деген жасқа қажетті апарат көп. Ұсақ заттарды арзан бағада алып, жоғары бағаммен сатудан бастап үйрену керек. Бүгінде жастар жалғанды, білімді, ізденші. Жұмыс істеуге құлшынып тұрады. Иден да, асқақ арман да соларда. Тіпті кейде қызығасын. Қазір жастарға барлық жол ашық. Түрлі мемлекеттік гранттарға жаңа жобаларға беріледі. Қоғамның да жаңашылдыққа көзқарасы бөлек. Жас буын тек өрнөйі тәуекел етіп ойлаған ісін қолға алғы керек. Іске көшейі, қиындық та кездеспейді, тақирбіе де жинақталмайды. Жұмыс барысында бәрін үйренесің. «Ақырын жүріп, анық бас» демекші, әрбір қадамын ойланғы әрекет етуі керек. Мемлекеттік қызметте жығарма жыл уақытты өткенің өкінім. Өріне оңда білім алдым, тақирбіе жиналды. Дегенмен адам өзінің жан дүниесімен қалап істейтін жұмысын тапқанда қана өзін табады. Кенестік уақытта бізді белгілі бір мамандық алмасан болмайды деп оқытты. Ал қазір ата-аналар баланың өз жүрек қалауын, талпынысын идеясын жүзеге асыруға жәрдемдесі екен. Өзі қаламаған мамандықты игерген адам түпті басқа салаға еткі қалады. Шаһартаз ісі, азапа, дәнекерлеуші мамандықтарын меңгеруге ұялмай керек. Қазір ең қажетті мамандықтарға айналды. Қызметіне қоматты қарқы төлейді. Сондықтан жастарға ештендеген қорықпай, тек алғы қадам басу қажет.

Гүлбану МАҚАЖАН

Кейіпкеріміз Ақмарал – студент. Үш жыл бойы сабақтан тыс уақытта қаламыздағы мейрамханалардың бірінде даяшы болып еңбек етеді. Күнделікті табыс тауып, өзіне қажетті қаражатын тауып жүр. Оқу үлгерімің де жақсы дейді, – даяшы ҚЫЗ.

Ақмарал АЙДУЛЛАҚЫЗЫ, даяшы:

ӨЗ ҚАРЖЫҢДЫ ӨЗІҢ ТАУЫП ҮЙРЕН

Даяшы болу тиімділікті, тазалықты, адамдармен дұрыс қарым қатынаста болуды талап етеді. Қоғамдық қызмет көрсету орыны болғандықтан түрлі мінезді адамдар келеді. Даяшы болу бір қарағанда оңай жұмыс сияқты. Жұмыс беруші даяшының сырт келбетіне, мінез-құлпына қатты мән береді. Қонақтарды қалай қарсы алу керек, шкі тәртіп ережелермен таныстырады. Қонақтар сан алуан. Бірі орындары нәрсені талап етеді, енді бірі жөніс мін іздеуі мүмкін. Бәрін де сабырмен қабылдауға тырысамын. «Тұтынушының өрнез дұрыс» деген қағидамен үйретеді. Дегенмен өз ісміңді жауапты атқарсаң болғаны. Қыз балаға қонақ күту қиына соқпайды. Үйде де келген қонақты алдына барлық дәмдіні тосып, қонақжайлық танытатымыз. Өзің

еңбек етіп тапқан ақшаны ретсіз жаратпайсың. Тізім жасап, үнемдеп жаратамын. Өзімнің қажеттіліктерімді толық өтейді. Ақылың нәзізде омындықтан ата-анамға салмақ салмаймын. Даяшы болып істеп жүргеніме қысыпаймын. Қанша қиын болса да мейрамханаларда өткізген уақытым үшін өкпінбеймін, пайдалы болды. Жаңа нәрсені танып білдім, адамдармен жұмыс істеудің қыр-сырын меңгердім. Аздап ас дайындауды үйрендім. Сыйайлық танытып, қонаққа мән беру керек. Даяшы қонақтың мінез-құлқын аз уақытта қалай танып үлгеретіні мен үшін жұмбақ еді. Үйрендім. Мінезін дұрыс болса, бұл іс – сәздік.

Бану ҮСЕНҚЫЗЫ

Әсел БАЙМАХАНОВА:

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ӘСЕЛ – АМЕРИКАДА

Жігерлі жасқа жол ашық, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім ала жүріп, шетелдегі оқу орындарында тақирбіе жинақтап, біліктілік арттыруға болады. Бүгінде университет пен шетелдік жетекші жоғары оқу орындары, білім беру және мәдени орталықтары арасында 170-ке жуық шарт пен меморандумға қол қойылды.

Биыл білім ордасындағы студенттер арасында шетелде оқуға ниет білдірушілер саны артқан. Олардың қатарында II курс магистранты Әсел Баймаханова бар. Қазір Әсел АҚШ-тың Монтана штаты, Бозмен қаласындағы Montana мемлекеттік университетінде білімін шыңдауда. Жұырда Әселмен хабарласып, ол жақтағы оқу барысы, ерекшелігі туралы сөз қозғадық.



– Әсел, АҚШ-қа 6 апталық тақирбіе алмасуға аттандыңыз. Шетелде оқымын деген мақсат қалай туындады?

– Бала кезден-ақ шетелде оқысам білімім өкі еселенді деген өнім болды. Он жыл бұрын менде мүмкіндік болғанымен, отбасылық жағдайыма байланысты бара алмадым. Сол арманым биыл орындалды. Шетелде оқуға мақсатым – өлдік біліммен салыстыра отырып, көсімі деңгейде даму, шәкірттеріме әлемдік деңгейдегі білім дағдыларын үйрету.

Бұл елде ағылшын тілін білу деңгейім артты. Мұнда ерекше бағаларға білім беру тәсілдерін меңгеріп жатырмын. Елімізде денсаулық жағдайы, өзіндік ерекшелігіне байланысты үйден оқып шығаратын мектепке апару, қоғамға үйрету жұмыстары жүргізіледі. Бұл жұмыстарды өзіндік күрделі тұстары жетерлік. Сондықтан білімдерімізді тейлдіріп отырып, мұндай мәселелерді шешу жолдары, білім беру жүйесінің артықшылықтары туралы зерттеу жүргізу үстемдік.

– Қазір жастардың көбі шет елге шығуды армандайды. Жастардың шет елде оқуға деген ерекше ұмтылысы туралы не айтасыз?

Жастардың шетелде оқуға құштарлығы қуантады. Шетелде оқу арқылы ең алдымен ұлттық қиындықтарды бағалай білеміз. Білім беру жүйесін салыстырып, тұлғалық тұлға дамуға оң әсер етеді. Бір Американың өзінде 30 елді адаммен кездесуге болады. Өр елдің сабақ беру методикасын көру арқылы көп жаңашылдықты үйренесің. Бір аптадан бері «public speaking», яғни, халық алдында сөйлеуді үйреніп жатырмын. Негізінде жүйенің біздің оқу бағдарламасымызмен ұқсас тұстары бар, бірақ қосымша үйренетін дүниелер де аз емес.

– Білім жетілдіру барысында қандай жаңа мақсаттар туындады?

– Алдағы уақытта оқушылардың ой-өрісі, дүниетанымының кең болуы үшін астар ретінде қолымын келгенге ықпалын көлемді. Шетелде жүріп, қаншама дарынды жастарды көрдім. Олардың көзін оқу-білімге деген ерекше құлшынысты көруге болады. Біз АҚШ, Жапония сияқты дамыған елдердің қатарына қосылу үшін кейінгі ұрпақ білімді болу керек. АҚШ-та алған білімімізді елдің дамуы үшін жұмсамамыз.

– Әсел енді туған жеріңіз, өскен ортаңыз, отбасыңыз туралы айтсаңыз...

– Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылында мұғалімдер отбасында тәрбиелендім. Әкем физика пәнінің мұғалімі, мектеп директоры болған кісі. Мерте әкемімен үлгі алып, ұстаздық жолды тандадым. Он жылдан бері мұғалім болып қызмет етіп келемін. Сондай-ақ төрт баланың анасымын.

– Жастарға қандай кеңес бересіз?

– Қазіргі заман білімділер заманы. Виза алғаннан кейін мен не көрдім? Ірі компаниялардың жұмыс жасайтын, шет елге қарайтын шығарып жастардың көптігін байқадым. Жаңа жанкүйер ретінде футбол командасының жекесті ойынын көру үшін көптеген атанған жас отбасыларды көрдім. Ата-анасымен ел көруге аттанғандар қаншама? Мен оларды көріп қана қаттымын. Қанша жерден бай болсаң да, білімің болмаса биікке шыға алмайсың. Болашақ тек білімді жастардың қолында.

Сұхбаттасқан Назерке ШАРАПДІН

«БІР АСЫМ ЕТ»

Кәсіпкер Сәкен Шағыртаевтың «Бір асым ет» өнімі бүгінде суранысқа ие. Ерекшелігі, аты айтып тұрғандай, қонақ келгенде қазанға сала салатын дайын өнім. Ішінде жілік те, қарта да, қазы да бар. Жасыратыны жоқ, бүгінде етті жіліктенді білмейтіндер де бар. Той-томалақтың өзінде санаулы адамдарды ет дайындауға өтірігізбеді. Етті жіліктенді, табаққа бөлудің өзі үлкен жауапкершілік. Кәтелік көтсе шаңырақ иесіне үлкен сын.

Жауапкершіліктің жүгін көтеретін адамды мұқият сүзгіден өткізеді. Сондықтан да бұл кәсіп түрі қазақ үшін таптырмас дүние. Әлеуметтік желіде адамдардың көңілінен шыққан істі қолға алған кәсіпкерді біз де іздегіздік, жастарға тың идея ұсынған Сәкенмен тілдесудің сөті түсті.

– Жалағаш ауданы. Таң ауылдағы цех «TAN FOOD» маркасымен өнім шығаруда. «Бұл кәсіпті бастағанымға екі жыл болды. Карантиннің зардабы маған да тиді, енді ғана басталған сәтте ісім алға жүрмей қалды. Жоба енді қарқын алуда. «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы көмектің жұмысты алып кетті. Аталмыш цехта бес адам тұрады жұмыспен қамтылған. Біздің қорымызға екі қосылғанда 6 адам қатарымызға қосылды, – дейді «Агролидтер» ЖШС директоры Сәкен Шағыртаев.

«Бір асым ет» жартылай дайындалған ет өнімдері бар. Негізгі цехтың бағыты етті бұқтырып дайындау.

– Бұл қасиетің 2018 жылы СПК «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы және Агролидтер ЖШС-мен біріккен қасиетің. Жобаны жалпы құны 144 миллионның ішінде СПК-ның тиісті қаражаты 57 миллионға жуық. СПК «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы 2018 жылы ауылдық жерге қандай көмек керек және ұсыныстарыңды бар, ауыл шаруашылығында қай мақсатта жұмыс жасайсыздар деп сұрады, ал біздің мақсат мал шаруашылығы және өтін шаруашылығы дамыту екенін айттым. Осылайша СПК ет өңдеу және мал сою бағдарламасын ұсынды, – дейді кәсіпкер.

Цех толықтай заманауи жабдықтармен жабдықталған. Мал жартылай автоматты түрде сойылады. Манты, тұшпара, фарш пен котлет секілді жартылай дайын өнімнен бөлек, «Сыбаға», «Бір асым ет» атымен арнайы қалыптастырып сыыр мен жылқы еті де дайындайды. Қосымша қазы-қарта, жал-жаз да бар.

Кәсіпкердің алдағы жоспары – ет өнімдерін облыстағы дүкендерге де өткізу, аймақтың дайын өніммен қамтамасыз ету. «Бір асым ет» өніміне бүгінде облыс көлемінде сұраныс артып, қызығушылық танытып жатқандар қатары көбейеде. Демек жалағаштық кәсіпкердің таза өнімдері қалаға да жеткізіледі.

Бұл үшін цех жұмысының қызметтері қарқынды жұмыс істеуде. «Технологияның дамыған тұсында қарап қалуға болмайды. Жұмыс алға баспады» деген де бос сөз. Біз тапсырыстарды онлайн алып, тапсыру қызметімен дүтіген жерге апарып жатырмыз. Өзіңге бес адам үлгеріп, бар жұмысты атқарады. Егер облыстағы үлкен сауда орындарының сұраныс болса, қосымша адамдарды жұмысқа тартамын, – дейді кәсіпкер.

Қазанға салып, асуда дайып өнім сізге де қызық болуы мүмкін. Себебі үйге қонақ келі қалса, «қай етті асымыз» деп кідіріп қалатынымыз бар. Оның үстіне қай жілікті сапы керекін білмейтіміз тағы бар. Сонымен Жалағаштағы ет өңдеу цехы жұмысыңызды жеңілдетпек.

Мәлдір САБЫРЖАН,
сүрет НҰРБОЛАТ НҰРЖАУБАЙДІКІ



Аида ҚАЛЖАНҚЫЗЫ,
«Болашақ» жоғары медициналық колледжі директорының орынбасары:

БІЛІМ ҮШІН ИНВЕСТИЦИЯ АЯМАУ КЕРЕК

— Аида Қалжанқызы, қалыңыз қалай? Өңімімізді оқу орнындағы жаңалықтармен, биылғы жетістіктермен бастайықшы... Онлайн оқудан кейінгі уақытта колледжде қандай өзгерістер бар?

— Қайырлы күн! Бәрі жақсы, рақмет! Биылғы 2021-2022 оқу жылының басты жаңалығы сабақтың дәстүрлі түрде басталуы болды. Бұл жақсы жаңалық бізді ғана емес, барлық студенттер мен оқытушыларды, ата-аналарды да қуантты деп ойлаймын. Не десек те онлайн оқудың оффлайн оқудан артықшылығы айтпасақ та түсінікті ғой. Біздің колледжде де биылғы оқу жылында студенттермен сағына қауышты. «Болашақ» жоғары медициналық колледжі еліміздегі жас медициналық кәсіпті техникалық арнайы орта оқу орындарының бірі екенін білесіздер. Қазіргі таңда мемлекеттің басты стратегиялық бағыттары мен білім стандарттары негізінде білім беру жүйесін іргелі жаңғырту мақсатында жұмыс істеп келеміз.

— Пандемия дәрігерлерге деген халық сенімі мен құрметін еселей түсті. Дәл қазір сіздер осы салаға жауапты мамандарды даярлап жатырсыздар. Медицинаның қай бағытына ерекше көңіл бөлесіздер, яғни қандай мамандыққа сұраныс жоғары?

— Иә, дұрыс айтасыз, қазір дәрігерлер қызметі қоғам үшін өте маңызды. Содан болар колледжде «Емдеу ісі», «Мейіргер ісі» мамандықтарына сұраныс жоғары. Жалпы «Болашақ» жоғары медициналық колледжі «Емдеу ісі» (біліктілігі — фельдшер), «Акушерлік ісі» (біліктілігі — акушер), «Мейіргер ісі» (біліктілігі — жалпы практикадағы мейіргер), «Стоматология» (біліктілігі — дантист), «Фармация» (біліктілігі — фармацевт), «Лабораториялық диагностика» (біліктілігі — медициналық зертханашы), «Гигиена және эпидемиология» (біліктілігі — гигиенист-эпидемиолог), «Мейіргер ісі» (біліктілігі — мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры) сынды сегіз мамандық пен біліктілік бойынша білім береді.

— Медициналық колледждің тәжірибелік алаңы жаңа заманға сай ерекше

деген пікірді жиі естіміз. Осы жөнінде толығырақ өзіңіз айтып беріңізші... Демек студенттер жаңа технологиямен, медициналық жабдықтармен колледжде жүріп таныса алады ғой. Солай ма?

— «Болашақ» жоғары медициналық колледжі — сол жағалауда жаңа қала тынысындағы заманауи, стильді кампуса қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жабдықталған, әлеуметтік серіктестермен және жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық орнатқан бірден бір оқу орны. Оқу орында симуляциялық оқу орны бар. Онда оқытушылар мен білім алушыларға сабақ барысында қолданылатын барлық жабдықтар (муляждар, медициналық аппараттар, медициналық құрал) қамтамасыз етілген. Сондай-ақ стоматология, фармация, химия кабинеттері де қазіргі талаптарға сай жабдықталған. Жалпы оқу корпусы материалдық-техникалық жағынан жақсы жабдықталған: оқу аудиториялары, арнайы мамандықтар бойынша клиникаға дейінгі өндірістік оқу кабинеті, зертханалар, қадағалы емдеу мекемелерінде оқу бөлмелері, төрт компьютерлік класс және симуляциялық орталық жұмыс жасайды.

— Оқу орнындағы әрбір студентті «болашақта қайда жұмыс істеймін?» деген сауалдың алаңдатыны рас. Сіздер де бұл жағдаймен жыл сайын кезігетін боларсыздар. Жалпы студенттердің жұмысқа орналасу деңгейі көңіл көншіте ме?

— Колледжі әлеуметтік серіктестермен және жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Атап айтар болсақ, қаламыздағы қалалық емханалар, «ALEXEY SUITAN ANHMET», көп бейінді қалалық аурухана, облыстық перинаталдық орталық, балалар ауруханасы, «Айя дент», «Өсем тіс» стоматологиялық клиникасы, «Достар мед» клиникасы, көп бейінді облыстық аурухана ШЖҚ КМК, жедел жәрдем станциясы, психоневрология ауруханасы, қан орталығы, «Қызылорда темір жол ауруханасы», ЖШС «Фарматека», облыстық жұрпалы аурулар ауруханасы, онкология



орталығы, ЖШС «Сана сезім» орталығында біздің түлектер іс-тәжірибеден өтеді және көпшілігі осы аталған мекемелерде жұмыс жасайды. Оқу орны осы уақыт ішінде денсаулық сақтау ісі үшін 1500-ден астам маман дайындады. Тек қала және облыстың медициналық ұйымдарында ғана емес, сондай-ақ республиканың басқа аймақтарында табысты жұмыс істейтін түлектерімізді мақтан тұтамыз.

— Студенттердің бос уақытын тиімді өткізу үшін қандай жобалар қолға алынған?

— Мәдени және спорт жұмысын ұйымдастыру үшін ақт залы, спорт залы бар. Колледждің құрама командалары бірнеше рет жеңімпаз атанды. Колледжде «Ой-дария» дебат клубы, «Ақсауыт» әскери-патриоттық клубы, «БМК құрамасы» жайдарман клубы

құрылған. Сонымен қатар 200 орындық асхана, спорт кешені мен 400 орындық заманауи студенттер үйімен қамтамасыз етілген. Жатақханада да кітапхана, фитнес зал жұмыс жасайды және түрлі іс-шаралар өтіп тұрады.

— Колледжі студенттері үшін бірден-бір білім көзі кітап екені рас. Кітапхана қорында медициналық басылымдар қолжетімді ме?

— Жылда кітапхана оқу және ғылыми әдебиеттермен, оның ішінде мемлекеттік тілдегі әдебиетпен қамтамасыз етіледі. Кітапханаға баспалардан келген прайс-қағаздар оқу бөлімдеріне жіберіліп, оқу үдерісінде қажеттілігін анықтап, сатып алу жоспарына енгізу жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Биыл кітапханаға 1193 дана кітап келіп түсті, оның ішінде 50 пайызы медицинаға байланысты оқу құралдар.

«Аңғұр», «Қазақ университеті», «Лань» электрондық баспаларынан оқытушылар мен студенттердің оқу үдерісінде қажетті кітаптар алынып отырады. Сондай-ақ «РМЭБ» электрондық кітапханасымен де байланыс орнатылған. Жақында жоғары медициналық колледжі жаратылыстану бағыты бойынша да қазақ тіліндегі 306 дана оқулықпен толықты.

— Қай кезеңде де бәсеке маңызды. Қазір барлық оқу орны жаңа заман талабына сай болуға таптырады. Осы жерде талапкер «неге Болашақ медициналық колледждің тандау керек?» деген заңды сауал тұяқыдайды. Бұл жайында сіз не айтар едіңіз?

— Өрне, бәсеке болған жерде өсу болады. Талапкер «неге Болашақ медициналық колледждің тандау керек?» деген заңды сауалдың жауабын жоғарыда атап өттік. Себебі заманауи оқу ғимараты, материалдық техникалық базасы мықты, симуляциялық оқу орталығы, талапқа сай кадр әлеуеті, спорт кешені (спорт зал, бассейн т.б.), жаңа жатақхана (кітапхана, компьютерлік класс, фитнес зал), бай кітапхана қоры бар біздің колледжде студенттер алаңсыз білім алып, жастық кезеңді қызықты әрі пайдалы өткізеді.

— Өзіңіз білім саласында жүрген соң қоғамның барлық қалтарысынан хабардарсыз. Дәл қазіргі таңда сізді қоғамның қандай мәселесі алаңдатыды?

— Қазіргі кезде қоғамда болып жатқан мәселелердің қай салаға болсын өзіндік типізер әсері бар. Ең бірінші айтқым келетін, адамдар өзін-өзі дамыту үшін білімге инвестицияны аймау керек. Адам капиталды инвестициялауда негізгі бағытты білім мен медицина деп алу керек.

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Өзге етеді ішіне қулық сақтап. Өзіне сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылдың екі жақтап» деген Абай атамыздың керемет сөзі бар ғой. Сондықтан әр адам ең бірінші өзімен жұмыс істегені дұрыс. Сонда ғана қоғамдағы мәселелердің оң шешімі табылады деп ойлаймын.

— Сұхбаттыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Гүлдана ЖҰМАДИНОВА



Адам үнемі модельдеумен айналысады, өйткені нысандар мен құбылыстарды жеңілдететін модельдер адамға нақты әлемді түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар кез-келген ғылым қарапайым және жеткілікті модельдерді жасаудан басталады. Материалдық (заттық) модельдерден басқа (ойыншықтар, глобус, үйдің орналасуы...), материалдық емес дерексіз модельдер бар: сипаттамалар, формулалар, суреттер, схемалар, сызбалар, графиктер.

Сандық тест бұл графикалық және кестелік ақпаратты талдау, пайыздарды есептеу, валютаны айырбастау, пропорциялар құру, коэффициенттерді есептеу қабілетін тексереді. Сандық ақпаратты талдауға арналған тесттер SHL, Talent Q, Kenexa, Ontarget өзіншеушілердің

стандарттары бойынша орындалды.

Сандық тесттің ер тапсырмасы қандайда бір математикалық әдіспен байланысты. Бірақ бізде тестілеу отандық білім беру жүйесі үшін ерекше түрде жүргізіледі. Ерекшелігі: бұл кесте түрінде немесе диаграмма түрінде ұсыну.

Сандық тесттерге дұрыс жауап беру үшін бірқатар ұсыныстарды ұсынамын:

— Міндетті түрде жаттығу керек. Сандық тесттермен соқтығысу кезінде туындайтын негізгі қиындық — біздің біліміміз білім беру үшін ерекше тапсырмалар беру. — Нақты шектеулі уақыт тест өткізуді қиындатады. Яғни, мүмкіндігінше қысқа мерзімде мәселелерді дұрыс шешуді үйрену керек.

САНДЫҚ ТЕСТІЛЕУ — ЖАҚСЫ МАМАН ТАҢДАУ ТӘСІЛІ

Барлық студент оқу орнын бітіргеннен кейін жақсы беделді жұмысқа орналасуды армандайды. Өйткені бұл — лайықты табыс пен мансаптың көлігі. Адамдардың көбі сандық ақпарат дегеніміз не, қалаған ұйымға қалай бару керек, ол үшін не істеу керек деген сұрақтарға жауап іздеуде. Барлық мамандандырылған форумдар осындай тақырыптарға толы. Сандық ақпаратты тексеру — жақсы маман таңдаудың танымал әдісі. Қызметкерлерді іріктеу кезінде ірі ұйымдар тестілеуден өтеді. Тест кадр менеджерлеріне, үміткерлердің өртүрлі қабілет деңгейін есептеуге мүмкіндік береді. Жұмысқа орналасуда маңызды сынақтардың бірі — сандық ақпаратты талдау тесті. Бос лауазымға үміткердің математиканы терең білуі міндетті емес, тест білімді емес, қабілетті тексереді.

— Ақылмен шешуді үйреніңіз. Сізге парақшадан басқа нәрсені пайдалану мүмкіндігі болмайды.

— Кейбір тапсырмалар терең талдаусыз болса да, жауап айқын болып көрінетін етіп жасалған. Барға бұл — алдау. Тіпті бәрі қарапайым болып көрінсе де, шешімін дұрыстығын тағы бір рет тексерген дұрыс.

— Табысқа жету мүмкіндігі жоғары болу үшін ең жоғары зейінді шоғырландыруға тура келеді. Мұны үйрену үшін сізге тәжірибе қажет екенін ұмытпаңыз.

Гүлнар ТҰНБЕРГЕНҚЫЗЫ,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Педагогикалық шеберлік орталығының тренері



Дүбірлі додаға Қазақстаннан екі спортшы ғана қатысуда. Солардың бірі 102 кило салмақ дәрежесінде күш сынасып жүрген Рахат Бекболат. Бұған дейін де жасөспірімдер мен

жастар арасында әлем және құрлық чемпионы атанып, сан рет рекордтық көрсеткіштерді жаңартты. Ересектер дуына еркін қосылған қазақтың дарынды ұлы бұл сайыстарда да

алдына жан салмай, өзінің мықтылығын мойындатты. Жиддадағы жарыста Рахат қосайыстың қорытындысы бойынша 355 (155+200) килолық зілтемірді еркін

еңсеріп, алтын тұғырға көтерілді. Түркиялық Танер Чаглар күміс медальді иеленді. Ол жерлесімізден 18 кило кем көтерді. Қола жүлде Ирак спортшысы Аммар Рубайяһ Әліге

бұйырды. Сондай-ақ жарыс жолына көтерілген Руфина Шалқарованың асқан шеберлігіне тәнті болдық. +81 кило салмақта сынға түскен ол 247 (107+140) килолық көрсеткішпен

алтыннан алқа тағынды. Өзге спортшылар қазақ қызына жарытып қарсылық та көрсете алмады. Мәселен, екінші орынға табан тіреген бразилиялық Тиана Жустино Руфинадан 28 кило

кем көтерді. Үшінші сатыға түркиялық Фатмагүл Чевик жайғасты. Оның көрсеткіші – 203 кило. Осылайша ел намысын қорғаған қос атлет те алтын жүлде алып елге оралды.

АУЫР АТЛЕТИКА: ҚҰРАМАДА ҚОС АЛТЫН

Еліміз 2008 жылы Пекин Олимпиадасынан кейін ауыр атлетикадан ұлы державаға айналды. Әлем біріншілігі мен Олимпиада ойындарында талайлармыз табысты оралып, әлемдегі төңдесіз құраманың бірі болды. Анатолий Храпатый салып көткен сара жолды атлеттеріміз абыроймен қорғап жүр. Оның бір дәлелі Сауд Арабияның Жидда қаласында өткен жастар арасындағы әлем чемпионаты.

АЛЫПТАР АЙҚАСЫ АЯҚТАЛДЫ МА?




АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында орналасқан T-Mobile аренасында аса ауыр салмақтағы WBC белбеуінің иегері, 33 жастағы британиялық боксшы Тайсон Фьюри (32-0-1, 22 KO) мен әлемнің экс-чемпионы (WBC), 35 жастағы америкалық Деонтей Уайлдер (42-2-1, 41 KO) үшінші реванш жекпе-жегін өткізді.

Ауыр салмақтағы алыптар арасындағы алғашқы айқас 2018 жылдың 1 желтоқсанында АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласындағы Staples Center спорт кешенінде өтті. 12 раундқа созылған бұл жекпе-жекте Фьюри екі рет нокаутқа түссе де, қапталдағы төрешілердің есебі бойынша кездесу 111-115, 114-110, 113-113 есебімен тең аяқталды. Бірінші кездесудің бірінші жартысында британиялық боксшы қарсыластарына қарағанда барлық жағынан үстемдік танытты. Ал Уайлдер тек бір соққы үшін жұмыс істеді. Сөйтіп, америкалық боксшы 9-раундта өз дегеніне жетті. Деонтейдің оң қолымен жасаған ауыр соққысы Фьюриді есегіретін тастады. Нокауд! Кейіннен Уайлдер 12-раундта оң қолымен тікелей, сол қолымен жақтан

ұрған сериялы соққысымен қарсыластың тағы да нокаудқа түсірді. Соған қарамастан төрешілер бұл айқаста басымдыққа ие болған жеңімпаз боксшыны көре алмапты. Сөйтіп екі боксшы араға 14 ай салып, кім мықтыны анықтайтын екіші жекпе-жек өткізуге келісті. Лас-Вегастағы (АҚШ) MGM Grand Garden Arena-да өткен реваншты Тайсон Фьюри айта басымдық танытып, қарсыластанын 7-раундта техникалық нокаутпен басым түсті. Уайлдердің бапкері 7-раундта шаршы алаңға ақ сүлгі лақтырып, шекіртін жекпілгені ерте мойындады. Бұл раундқа дейін америкалық боксшы 3 және 5-раундта нокаудқа түскен болатын. Сөйтіп, екінші жекпе-жек Фьюридің жеңісімен аяқталды. Деонтей бұл жеңілісін кездесу алдында киіп шыққан киімінің ауыр болуымен,

физикалық тұрғыда шаршап қалғанымен байланыстырып еді. Дүйсенбіде трилогия 11-раундта Тайсон Фьюридің орындауындағы әдемі нокаутпен аяқталды. Деонтей бұл жекпе-жекке жаңа жаттықтырушымен дайындалса да, жеңіске жете алмады. Бұрынғы бапкері Марк Бриландпен екінші айқаста орамал лақтырғаны үшін жұмыс істеуден бас тартқан еді. Сөйтіп, оны үшінші жекпе-жекке бұрынғы ауыр салмақтағы боксшы Малик Скотт дайындады. Бір қызығы, Уайлдер Скотты 2014 жылы бірінші раундта-ақ нокаутпен жеңген еді. Трилогияға жаңа бапкермен дайындалған Деонтей Уайлдер кездесуді тәуір бастаған еді. Бірақ үшінші раундқа келгенде қарсыластарының ауыр соққысын өткізіп алып, нокаудқа түсіп

қалды. Тез ес жиып үлгерген америкалық боксшы төртінші раундта Тайсон Фьюридің өзін екі рет нокаудқа жіберді. Осыдан кейін екі боксшы да өте сақтықпен жүдирқтасты. Бірақ раунд өткен сайын америкалық боксшының күші сарқылып, британиялықтың екінші тынысы ашыла бастады. Жекпе-жекті толық өз қолына алған Фьюри қарсыластын 11-раундта ауыр нокаутқа түсіріп, барлығына нүкте қойды. Осылайша, Тайсон Фьюри 32-інші жекпе-жегін өткізіп, 31-інші жеңісіне қол жеткізді. Оның 22-сін нокаутпен аяқтаса, бір мәрте тең түсті. Ал Деонтей Уайлдер 45-інші мәрте шаршы алаңға көтеріліп, 41 кездесуде жеңіске жеткен. Бір рет тең нәтиже көрсетіп, екі рет жеңілістің көркем дәмін татты. Екеуінде де дәл осы Фьюриден жеңілді.



Норвегияның астанасы Ослода өткен әлем чемпионаты мәреге жетті. Дүниежүзілік доданы жерлестеріміз қос жүлдемен қорытындылады.

Әйелдер күресінен Скандинавия түбегіне сапар шеккен Қазақстан құрама командасы мүшелері арасынан Жәмила Бақбергенова ғана ел сенімін ақтады. Қалғандары жарты жолға да жетпеді. «Джордал Амфи» кешенінде төселген бозкілемде Франция мен Түркия балуандарынан басым түскен Бақбергенова финалда жапониялық Масако Фуруитимен айқасты. Күншығыс елінің өкілі – жасөспірімдер мен жастар буыны арасындағы дүниежүзілік додаларда сан мәрте дараланып, 23 жасқа дейінгі бұрымдылардың әлем біріншілігінде бас жүлдені және әйелдер арасында қола медальді олжалаған өте мықты спортшы. Оның үстіне, қос спортшының жолы осыған дейін екі мәрте қиысып, екі ретінде Масаконың мерейі үстем болған екен. Жасыратыны жоқ, сол кеште қазақ жанкүйерлері Жәмиладан ерен ерлік күтті. Барлығымыз да төрткүл дүниенің төңдесіз мықтылары жиналған жарыстың алтын тұғырында Алаштың аруы марқайып тұрса ғой

деп армандадық. Алайда Масаконың мықтылығын мойындамасқа еш лаж жоқ. Ол жақсы бір әдіс жасай алмағанымен, көздеген мақсатына қол жеткізді. Нәтижесінде, ол жеңімпаз атанса, Жәмила күміс медальді қанағат тұтты. Жалпы әйелдер күресінен өткен әлем чемпионаттарында Қазақстан құрамасы 4 күміс және 7 қола медальді иеленді. Өзірге қоржынымызда бірде-бір бас жүлде жоқ және күміс медальді мойнында жарқыратқан балуандардың барлығы да сырттан келген легионерлер екенін айта кетуге тиіспіз. Мәселен, 2007 және 2010 жылдары финалда белдескен Елена Шальгина біздің елге Ресейдің Кемерово облысынан қоныс аударып келді. 2008 жылы сол межеден көрінген Жұлдыз Есімнова – Қырғызстанның Талас өңірінің тумасы. 2012 жылы екінші орынға табан тіреген Гюзель Манорова Мордовияда дүниеге келді. Ал Норвегияның астанасындағы жағдай мүлде өзгеше. Бұл жерде өзіміздің төл түлегіміз, қарапайым

ғана қазақтың қызы финалдық сайыста өнер көрсету құрметіне бөленді. Бұйырғаны – күміс медаль. Иә, осы жетістіктің өзі-ақ Жәмила Бақбергенованың тарихта қалатындай іс тындыруы үшін жеткілікті болды. Барша қазақстандық жанкүйер әлем чемпионатының соңғы күнін тағатсыздана күтті. Бар үміт Алматы пен Сұлтанда еді. Алайда Султан Әсетұлы өз мүмкіндігін ұтымды пайдалана алмады. Ол жұбаныш белдесуінде жапониялық Кенсукэ Шимзуге жол беріп, қалың топтың арасында қалың қойтын еді. Есесіне Алматы Кебісбаев қола медаль үшін тартыста нағыз ер жігітке тән мінез көрсетіп, күллі Алаш жұртының алғысына бөленді. Белдесу барысында тұрғын жатқанына қарамастан, шешуші тұста бар күшін сарп еткен қандасмыз өзінң сүйікті «питон» әдісін сәтті қолданып, көздеген мақсатына қол жеткізді. Нәтижесінде, 7-4 есебімен жеңіске жеткен Алматы қола медальді мойнында жарқыратты.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

30 ЖЫЛ

Гүлзат МҰРАТБАЙҚЫЗЫ,
Балабақша тәрбиешісі:

АСЫЛ МҰРАТЫМЫЗ – АЗАТТЫҚТЫ АЯЛАУ

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА:

Гүлзат – №222 Т.Рысқұлов атындағы орта мектептің түлегі. М.Меметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде «Бастауыш сыныптың ағылшын тілі мұғалімі», Болашақ университетінде «Екі шет тілі» мамандығы бойынша білім алған. Қалалық «Үздік жас тәрбиеші – 2015» байқауының «Ізденімпаз» номинациясымен, «Менің сүйікті мамандығым» атты балабақшаішілік тәрбиешілер байқауында «Іскер тәрбиеші» номинациясымен марапатталған.



Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Биыл еркін ел болғанымызға – 30 жыл. Осындай мерейлі шақта еліміздің гүлденіп-көркеюі жолында аянбай етіп жүрген қазақстандықтарды Ұлттық мерекемізбен құттықтағым келеді.

Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекетінің, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұмтылған бостандықтың тұтыры нығая түскенін айғақтайтын маңызды белес. Тарихи тұрғыдан бағамдасақ, отыз жыл аса көп уақыт емес. Десе де, жұртымыз аз уақыт ішінде әлемдік алпауыттармен терезесін тенестіріп, халықаралық қауымдастыққа қарышты қадамдарымен танылып үлгерді.

Бүгінде ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыз болашаққа нық сеніммен

қадам басып келеді. Рухы биік, намысы берік бабаларымыздың ғасырлар бойы асыл мұраты – азаттықты аялау, тағдыры ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау – біздің басты мұратымыз. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз тынақты болсын.

Біз – үлкенді үлгі тұтып, жастарды қанаттандырып, қолдайтын ұлы елдің төл перзентіміз. Ендігі мақсат – бейбітшілік пен татулықтың бағасына жетіп, оны сақтай білу. Келер ұрпаққа қасиетін ұғындырып, аманаттау. Себебі, тәуелсіздікті алу бар да, оны баяндау өту бар. Азаттықтың ақ танын бейбіт күнде қарсы алғаннан асқан бақыт жоқ. Сондықтан қолда барда алтынның қадірін білген абзал. Ендеше кемел келешекке бет түзген ақ желкеніміз лайым өрге жүзе берсін демекпіз.

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫ КҮТЕМІЗ!

Темірбек Жүргенов атындағы облыстық жас ғалымдар байқауы



Қызылорда облыстық «Ақмешіт жастары» газеті Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай жас ғалымдар арасында Темірбек Жүргенов атындағы сыйлық үшін «Ғылым жолында» атты байқау жариялайды.

Жалпы ережелер

Байқаудың мақсаты мен міндеті:
– Жас ғалымдарды ынталандыру, шығармашыл жастарды насихаттау;

Байқаудың талаптары:

– Байқауға 18-35 жас аралығындағы жас ғалымдар қатыса алады.
– Байқауға ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.
Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі, мерзімі:
– Байқауға қатысушы үміткер өзі туралы қысқаша мәліметті және еркін тақырыпта жазылған ғылыми мақаласын aqmeshit.jastary@gmail.com поштасына жолдауы қажет немесе төменде көрсетілген редакция мекен-жайына қалдыруына болады. Байқау материалдарын қабылдау 1 қарашаға дейін жалғасады.
– Ғалымдардың жұмысын бағалау және жеңімпазды анықтау үшін кеңес құрылады.

Редакцияның мекен-жайы:

120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
Байланыс телефондары: 8 (7242) 40-11-10

ЖАРАЙСЫҢ, ӘМИНА!

Алматылық Әмина Арыстанбек Италияда өтетін дәстүрлі халықаралық фестивалге жолдама алды. Sanremo Junior – 2021 байқауының финалына өткен 10 жасар қыз Армения, Украина, Ресей, Италия, Мальта және Израилден келген қарсыластарымен бақ сынайды.



Фестиваль атақты "ARISTON" концерт залында өтеді. Дәл осы залда атақты Адриано Челентано, Тото Кутуньо, Эрос Рамазотти, Рикардо Фолли, Матиа Базар, Альбано және Рамина Пауэр, Анна Герман сияқты италиян эстрадасының жұлдыздары өнер жолын бастаған. Қазақстандық жас өнерпаз әлемдік танымал туындыларды скрипкада шебер орындайды және вокал бойынша түрлі өнер сайыстарында жеңімпаз атанған. Ол сахналық қойылмал және хореографиядан да сабақ алады. Maxincubato өнер орталығының тәрбиеленушісі осы күнге дейін 8 халықаралық байқауда жеңімпаз атанған. Ол SanRemo

Junior фестиваліне тыңғылықты дайындалды, – дейді оның оқытушысы Лейла Болатбек. SanRemo Junior байқауы – Италиядағы айтулы халықаралық өнер сайысы. Оны ЕҒҰ UNICEF қаржыландырады. Бұл байқауға жолдама алу үшін әлемнің жүздеген елінен үміткерлер бақ сынайды. Биыл эпидемиологиялық жағдайға байланысты іріктеу турлары онлайн форматында өткен. Қазақстан Республикасындағы іріктеу шараларының қорытындысы бойынша Sanremo Junior (Italy) фестивалінің дирекциясы мен MIF (Management International Festivals) сарапшылар комиссиясы Әмина Арыстанбекті таңдап алыпты.

Кезекші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

JULDYZ - JORAMAL

(14 – 20 қазан)



Тоқты
Көп ойлануға уақыт жоқ! Мақсатты айқындап, кедергіден сүрінбей өтуіңіз қажет. Тез әрекет етеміні деп шаршап қаласыз. Бірақ жетістіктің боларына сеніңіз.



Торпақ
Аптаңыз сәтті өтеді. Алғаш рет жасап көрген ісіңіздің өзі іш пыстырмайды. Ал көптен бері танытын адамдар сізді таңқалдырудан жалқылайды. Тосын сыйға дайын болыңыз.



Егіз
Бірлесіп жасаған шаруа қызықты, әрі пайдалы болмақ. Маңызды ақпаратқа қол жеткізіп, тәжірибелі адамнан ақыл-кеңес аласыз. Мұның сізге тіпті пайдасы зор.



Шаян
Аптада көп жағымды жаңалық естіп, көңіліңіз көтеріледі. Өз күшіңізге сеніңіз, сондықтан тәуекелге бел буып, жауапкершілік жүгін арқалайтын боласыз. Табысқа тез қол жеткізесіз.



Арыстан
Барлық шаруаны өзіңіз-ақ атқара аласыз. Ал серіктестер жүйкеңізді жұқартады. Ақшаға қатысты істе жолыңыз болады. Десе де бар мәселені жіті бақылауыңызда ұстаған тиімді болмақ.



Бикеш
Өзіңізге және достарыңызға ұқсасмайтын жанмен таныс боласыз. Онымен тез тіл табыса алмайсыз. Дегенмен оның өмірінде орын алуы кездейсоқтық емес екенін ұғасыз.



Таразы
Маңызды сауалға жауап табуыңыз қажет. Бұл сізге оңайға соқпайды. Бірінші сөзсіздіктен кейін салыңыз суға кетпесін. Мәселені шешуге талпыныңыз. Соңында бұл оң нәтиже берері анық. Сіз өз дегеніңізге жетесіз.



Сарышаан
Жұмысқа қатысты шаруада жолыңыз болады. Келісімдер сәтпен аяқталады. Егер алдыменгі көмегіне жүгінетін болсаңыз, жетістікке жету оңайырақ болады.



Мерген
Жақындармен жиі әңгіме-дүкен құруды әдетке айналдырыңыз. Ол сіздің көңіл-күйіңізді көтереді. Жұлдыздар жаттығу жасауды әдетке айналдыруға кеңес береді.



Тәуешкі
Үстамды және салқынданды болыңыз. Эмоцияға берілмеңіз, сонда ғана қателіктердің алдын аласыз. Арқаны кенге салып, достармен басқосуға асылыңыз. Ол күннің де ауылы алыс емес.



Сұққылғаш
Маңызды шаруаға ой белгіңіз. Сонда уақытты сәтті өткізіп, табысты боласыз. Уайымға салынып, болмашы нәрсеге бас қатырмаңыз. Карантин уақытында үйде болып, жеке шаруаңызды бітірген абзал.



Балық
Сізге көптеген мәселені шешуге болады. Әсіресе соңғы уақытта өзіңіз мойынсұнған шаруаны оңайынан шешесіз. Сондай-ақ қалыңыз қалыңдайды, қаржы мөлшын түсті екен деп жарата беруге де болмайды. Оны да ескеріңіз.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ISO 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тансырыс: 1499